



QAZAQSTANNYŪ
JAŅA
MAMANDYQTAR
MEN QYZYRETTER
ATLASY

QAZAQSTANNYŪ JAŅA MAMANDYQTAR MEN QYZYRETTER ATLASY QAZAQSTANNYŪ JAŅA MAMANDYQTAR MEN QYZYRETTER ATLASY

№
08

2020

enbek.kz/atlas

КӨЛІК ЖӘНЕ ЛОГИСТИКА



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ
ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ



THE WORLD BANK
IBRD • IDA | WORLD BANK GROUP



РАЗВИТИЕ ТРУДОВОЙ НАБЫВОК
И СТРАТЕГИЧЕСКОЕ
ПЛАНИРОВАНИЕ



QAZAQSTANNYŇ
JAŇA
MAMANDYQTAR
MEN QUZYRETTER
ATLASY



МАЗМҰНЫ

1. ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АТАУЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ	4
2. АЛҒЫСӨЗ	8
3. ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР АТЛАСЫ ЖАЙЛЫ	16
4. ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨЛІК-ЛОГИСТИКА КЕШЕНІ	24
5. САЛА САРАПШЫЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ	34
6. КӨЛІК-ЛОГИСТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ТРЕНДТЕР: ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЫҚПАЛЫ, ЭКОЛОГИЯЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫ ҚАЛАУЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ	48
6.1. Кәсіпорындарды цифрландыру КЛК өсу ынтасы ретінде: ИКЖ, электронды сауда және «ақылды логистика»	58
6.2. Автоматтандыру және роботтандыру уақыт талабы ретінде: ұшқышсыз және автономды көлік, роботтар және ТҚК жаңа құралдары	64
6.3. Тұтынушы қалауының өзгеруі КЛК конфигурациясы ретінде: бірлесе тұтыну экономикасы, қызметтерді уберизациялау және дербестендіру	70
6.4. Жаңа отындар мен экологияландыру КЛК үшін талап ретінде: баламалы және эко-көлік	74
6.5. Жаңа буын жұмыскерлері - мүмкіндік пе, қауіп пе?	79
7.7. ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨЛІК-ЛОГИСТИКА САЛАСЫНЫҢ БОЛАШАҒЫНА КӨЗҚАРАС: САРАПТАМАЛЫҚ БАҒАЛАР	84
8. ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨЛІК-ЛОГИСТИКА КЕШЕНІНІҢ БОЛАШАҒЫНА ШОЛУ ЖӘНЕ ДАМУ БОЛЖАМДАРЫ	100
8.1. Қазақстанның КЛК 10-15 жыл уақыт аралығында дамуының сценарийлық болжамдары	106
9. ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКА СЕКТОРЫНЫҢ МАМАНДЫҚТАРЫ	114
9.1. КЛК жаңа мамандықтары	116
9.2. КЛК өзгертін мамандықтары	146
9.3. КЛК жоғалып бара жатқан мамандықтары	154
10. ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҚ КЛК МАМАНДЫҚТАРЫ	162
11. ҚАЗАҚСТАНДА ЖАҢА МАМАНДЫҚТАРҒА ҚАЙДА ҚУҒА БОЛАДЫ?	184
12. ҚОРЫТЫНДЫ	196
13. ЖОБА КОМАНДАСЫ	200



ҚЫСҚАРТЫЛҒАН АТАУЛАР ТІЗІМІ

- ▶ **КЛК** – көлік-логистика кешені
- ▶ **КҚ** – көлік құрал (-дар) ы
- ▶ **ТӨР** – Төртінші өнеркәсіптік революция
- ▶ **АТ** – ақпараттық технологиялар
- ▶ **ТМС (TMS)** – тасымалдауды басқару жүйе (-лері) сі
- ▶ **ҒТП/Д** – ғылыми-техникалық прогресс/даму
- ▶ **ДСҰ** – Дүниежүзілік сауда ұйымы
- ▶ **ПТҚК** – предиктивті техникалық қызмет көрсету
- ▶ **БЖ** - бағдарламалық жасақтама
- ▶ **ДД** - дербес деректер
- ▶ **ПӘК** – пайдалы әсер коэффициенті
- ▶ **ШЕ** – шеткері есептеулер
- ▶ **ЖКО** - жол-көлік оқиғасы
- ▶ **ЖИ** – жасанды интеллект
- ▶ **IoT** – Заттар интернеті
- ▶ **ИКЖ** – интеллектуалды көлік жүйесі
- ▶ **ИТЖ** – инженер-техникалық жұмыскер
- ▶ **КЛТ** – көлік-логистикалық торабы
- ▶ **КЛО** -көлік-логистикалық орталығы
- ▶ **КТО** – көтерме тарату орталығы
- ▶ **VR/AR/MR** – виртуалды/толықтырылған/аралас шындық
- ▶ **ДӨО** – деректерді өңдеу орталығы (Data -орталық)
- ▶ **ЖІӨ** – жалпы ішкі өнім
- ▶ **ҒЗТКӘ** – ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер
- ▶ **БҰҰ** – Біріккен Ұлттар Ұйымы
- ▶ **COVID 19** – 2020 жылы пандемия тудырған коронавирус инфекциясы
- ▶ **ДЭФ** – Дүниежүзілік экономикалық форум
- ▶ **ОЖ** – операциялық жүйе
- ▶ **АҚ** – ақпараттық қауіпсіздік
- ▶ **ҚӨК**- қорғаныс-өнеркәсіптік кешен
- ▶ **АҚШ** – Америка Құрама Штаттары
- ▶ **КСРО** – Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
- ▶ **ҚР** – Қазақстан Республикасы
- ▶ **ҚР ҰЭМ СК** – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті
- ▶ **НҚА** – нормативтік-құқықтық акті
- ▶ **ҚР ЕХӘҚМ** – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
- ▶ **ҚР ЕХӘҚМ ЖЖК** – ҚР ЕХӘМҚ Жобаның жұмыс комиссиясы
- ▶ **ҚР ИИДМ** – Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі
- ▶ **ҚР ЦДАҒӨМ** – Қазақстан Республикасы Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
- ▶ **КС** – кәсіби стандарт
- ▶ **ЭҚЖЖ** – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші
- ▶ **СБШ** – Салалық біліктілік шеңбері
- ▶ **«Атамекен» ҰКП** – «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы
- ▶ **ҰБШ** – Ұлттық біліктілік шеңбері
- ▶ **ҰБЖ** – Ұлттық білім жіктегіші

Көлік-логистика кешенінің өзгеретін мамандықтары



Көлік-логистика кешенінің жоғалып бара жатқан мамандықтары



Көлік-логистика кешенінің жаңа мамандықтары





АЛҒЫСӨЗ



2.





Халықаралық сауданың жаңа парадигмасы белгіленді, көші-қон белсенді болып жатыр, жүк айналымы, машиналар паркі мен көлік-логистика инфрақұрылымының өткізгіштік қабілеті бірнеше есеге өсті. Жаһандық нарықта Жапония, ҚХР, Сингапур, Тайвань, Гонконг пен өзге де дамыған және дамып жатқан елдер тұлғасында өндіріс пен іскерлік белсенділік дәрежесінің пайда болуы мен орнығуы теңдессіз масштабтарға жетіп, әлемдік сауданың, тасымалдаудың, өнекркәсіптердің ауырлық орталығын Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азияға жылжытты.

ту мен өмір сапасын жақсарту болды. Бұқаралық танымда тұтыну мәдениеті орын алды, ол экономикалық өсу ынтасы, өндіріс катализаторы, прогресс қозғалтқышы болып табылады. Тұрақты және үнемі өсіп отыратын өтім нарығынсыз жаһандық масштабта іскерлік белсенділікті біртіндеп ұлғайту мүмкін емес.

Өз кезегінде ұзақ мерзімді жұмыс орындарын құру есебінен өндірістің өсуі адамдардың әл-ауқатының өсуін ынталандырады. Яғни, нарық бір-бірімен өзара байланысты логистикалық бірізділікпен жүретін тұйық шеңбер болды.

Арзан жұмыс күшінің артық болуы, ал уақыт өте келе осы өңірлердегі білікті кадрлардың үлесінің артуы офшорингке ұрындырды. Ірі батыс өнеркәсіптік концерндер Тынық мұхит пен бүкіл Еуропа арқылы масштаб пен оңтайландырудың соңында өндірістерді өткізіп жатыр.

Нәтижесінде жүк ағынының векторы ашылып, ал тауар айналымы бұрын соңды болмаған өсу қарқыны мен көлеміне жетеді. Және дағдарыс кезеңінде біршама түсу байқалса да, оларды жеңуіне қарай жаһандық нарық тасымалдаудың барлық үлкен көлемін ұлғайтты.

2019-2020 жж. жаппай құлдырауға әкелген COVID-19 пандемиясы мен сауда соғыстарынан болған тұралау аясында конъюнктура нашарлап кетті, алайда, 50-10 жылдан кейін жағдай тұрақтанады және тұрақты қаршынды дамудың немесе белсенді түрде өсу траекториясына шығады, - деп көбі пікірлерімен бөліседі.

Соңғы онжылдықтың екінші маңызды тенденциясы адам өмірінің әл-ауқатын нығай-

КЛК сыртта қалыс қалған жоқ. Ол өндіріс пен тұтынудың өсу нәтижесі ретінде дамып, осы мезетте бұл процеске жаңа даму импульсін беріп отырды.

Мысалы, жеке табыстың өсуі, КҚ қолжетімділігінің артуы мен қозғалғыштыққа деген қажеттіліктің өсу нәтижесінің арқасында. Автомобиль сән-салтанаттың бұйымы емес, күнделікті қозғалыс құралы, қажет болып қалды. Әрине, элиталық сегменті қалды, бірақ, жаппай тұтыну жағынан қарама-қайшы тұтыну күнделікті өсіп келе жатыр. Сонымен бірге, автомобильдендіру бизнес мүмкіндіктерін ұлғайтты, уақытша шығындарды қысқартты, жұмыскерлер үшін көліктің қолжетімділігіне назар аудармастан алыс орналасуда өндірісті орналастыруға мүмкіндік берді. Мұның басты се-



АЛҒЫСӨЗ

Құрметті оқырман!

XX ғасырдың соңғы 2 онжылдығы мен XXI ғасырдың алғашқы 20 жылы әлемді түпкілікті өзгертіп жіберді. Берлин қабырғасының құлауынан кейін өткен 40 жылдан артық уақыт адамзаттың өмір тіршілігінің барлық салалары, қоғам, бизнес пен мемлекет конфигурациясы терең өзгерістерден өтті.

бептерінің және сонымен бірге, бұл өзгерістердің салдары болған ФТП, оның зерделеніп отырған уақыт аралығындағы қарқыны экспоненциалды түрде өсіп отырды.

Төртінші өнеркәсіптік революция еңбек нарығының қайта құрылымдалуына күшті ықпалын тигізеді. Және бұл өзгерістер көлік-логистика кешенінде айқын байқалады, себебі ол табиғи, техногендік, әлеуметтік-экономикалық және саяси трендтердің бүкіл спектріне қатысты болады. Бұл саланың мәнін қайта бағалау күрделі, дегенмен де, оның басқа да сыртқы факторларға тәуелділігі де жоғары.

КЛК жалпы алғанда, саланың ең сезімтал және осал экзогенді шоктарының бірі болып табылады. Мысалы, ДСҰ деректері бойынша, контейнерлік тасымалдаулар мен әуе қатынасымен тасымалдау сияқты секторлар COVID-19 пандемиясынан болған дағдарыстан көп мөлшерде зиян шекті.

Алайда, сонымен бірге, КЛК әртүрлі өзгерістер мен дағдарыстан кейінгі қалпына келтіруге жылдам бейімделуге қабілетті ең динамикалы салалардың бірі болып табылады. Негізгі себептерінің бірі - ол атқаратын тұғырлық (іргетастық) ролі. Банк секторы экономиканың қантамыр жүйесі болатын сияқты, КЛК мемлекет пен бүкіл әлемнің қантамыр жүйесі деп есептеуге құқығы бар. Сәйкесінше, бұл саладағы ұзақ бойғы бәсеңсу барлығымыз үшін жойқын салдарға әкеледі. Және сол себепті КЛК

өзіндік ізашар болады, алда болатын технологиялық қайта салудың алғашқы және негізгі заңды негіздегі табыс алушысы болады. ТӨР өндірілетін инновациялардың белсендірушісі көлік-логистика жүйесінде қарқынды және албырт деуге болады.

Алдыңғы өнеркәсіптік революцияның құрбаны қол еңбегі болды, ол біртіндеп және тегіс қамти алатын механикаландыруға ұшырады. Енді ақыл-ой еңбегінің кезегі келді. Перспективада машиналар біз сияқты ойлап, біздің орнымызда шешім қабылдайтын болады.

Әрине, алғашқы кездерде бұл қарапайым шешімдер болады. Алайда, ЖИ пен гидридті интеллект, машиналық көру, IoT, виртуалды және ұлғайтылған шындық сияқты технологиялардың даму шамасына қарай адамның қатысуын талап ететін процестерге машиналардың кірісу дәрежесі мен оны алмастыру деңгейі біртіндеп өсетін болады.

Біз керемет өзгерістер уақытында өмір сүріп жатырмыз, біздің өркениетіміздің әлеуметтік-мәдени парадигмасының кезекті терең өзгерістерінің сатысынан, ғылыми-техникалық дамудағы күнделікті озық жетістіктер дәуірінен өтіп жатырмыз. ТӨР қоғам мен еңбек нарығындағы жаңа күн тәртібін белгілеп беруде. Оның конфигурациясы көптеген факторлардың ықпалымен қалыптасып жатыр. Халық саны өсіп, адам өмірінің орташа өмір сүру ұзақтығы ұзарып, және соның салдарынан олардың еңбек етуге қабілеттілігі мен экономикалық белсенділігі, жинақтылығы артып, білім алуға қолжетімділік те ұлғайып жатыр.

БҰҰ деректері бойынша, 2030 жылға қарай Жер бетіндегі халық саны қазіргі 7,7 млрд. адамнан 8,5 млрд. дейін өседі. Ал,

Қазақстанда азаматтардың саны 2019 жылдағы 18,6 млн. қарағанда 24 млн. жетеді. **Біздің еліміздегі халық санының перспективалық массасына экономикалық белсенділіктің ағымдағы деңгейін болжай отырып, адам өмірінің болжамды өмір сүру ұзақтығы мен зейнеткерлік жастың ұзартылуын назарға ала отырып, біздің экономикалық белсенді отандастарымыздың үлесі 2030-ыншы жылдардың шебінде халықтың 70% асады – ағымдағы еңбекке қабілетті азаматтардың 9,2 млн. қарсы 14,4 млн. еңбекке қабілетті адам.**

Басқа жағынан алып қарасақ, еңбек нарығының динамикасына демографиялық және әлеуметтік-экономикалық факторлардан басқа технологиялық тенденциялар ықпал етеді. Көбінесе - автоматтандыру, роботтандыру мен цифрландыру. Бұл процестер орасан зор жұмыс күшінің босауына негіз болады. Ең оң деген бағалаулар бойынша, 2030 жылға қарай мамандықтардың 60% функционалы автоматтандырылатын болады. Және бұл экономиканың барлық салаларына қатысты.

Яғни, еңбек нарығына әлеуметтік және технологиялық аспектіде үш әртүрлі күш қысым ықпалын көрсетеді: еңбек етушілердің жаңа массасының келуі, мұнда жұмыс істеп жүрген массалардың ұзақ уақыт болуы мен осы массаларды ығыстыратын технологиялық қайта салу. Екі соңғы фактор еңбек нарығының тұрақты өсу мүмкіндігін тежейді, ал біріншісі әлеуметтік-саяси жағынан алып қарағанда ештеңеге мәжбүр емес бастысы болып табылады. Мұндай жағдай оны елемеген кезде бүгін, не ертең еңбек нарығы ұлғайып отыратын жаңа жұмыскерлер ағыны-

ның барлығын қамти алмайтын фазаға жеткізетін болады.

Жаңа технологиялар еңбек нарығының бұрын соңды болмаған ауқымды өзгерістеріне әкеледі. Мамандықтар жоғалып кетеді, өзгереді, жаңа мамандану түрлері пайда болады. Корпорациялар, мемлекеттер мен экономикалық салалар болашақтың интеллектуалды капиталы – XXI ғасырдың дағдылары мен құзыреттерін меңгерген адамдар үшін бәсекелеседі.

Сіздің колледжде немесе университетте оқып, білім алып, өз арманыңыздағы жұмысыңызға орналасуыңызға ешбір кепілдік жоқ. Қазірдің өзінде Қазақстандағы ЖОО бітірушілерінің 60% өз мамандықтары бойынша жұмыс істемейді. Ал, ертең не болмақ? Өзіңізге ұнайтын және нарықта сұранысқа ие болатын мамандықты қалай таңдауға болады? Себебі - бұл өміріңіздегі маңызды таңдаулардың бірі.

Болашаққа көз жүгіртіп, қай бағытта жүру керектілігін айқындап алуға болатын әмбебап құрал қажет. Сіздердің балаларыңыз бейне ойындарды көп ойнайды, ал Сіз бұл керек емес дүние деп санайсыз ба? Қазір бұл түсінік осы мағынада қалған жоқ. Өндірістерді геймификациялау өнеркәсіптік кәсіпорындарды технологиялық жағынан қайта жарақтандырудың басты тренддердің бірі болып келе жатыр және компьютерлік ойындардың арқасында жиналған дағдыларды қолдануға мүмкіндік береді.



Балаңыз конструкторлармен ойнауды жақсы көре ме? Бұл қызығушылықты болашақта сұранысқа ие кәсіби дағды болатындай қалай дамытуға болады? Қай саланы таңдау қажет, бұдан әрі қай бағытта жүру қажет? Ол өзінің білігінің арқасында күрделі мультимодельді көлік-логистика жүйесі мен тораптарын құра алуы мүмкін немесе олардың виртуалды көшірмелерін жасап, оларды жүргізе алуы мүмкін.

Біздің қазіргі таңда 3-5-10 жастағы балаларымызға болашақта Атлас мамандық таңдау сияқты қиын процесте бағдар беруші ретінде пайдалы болады. Және егер мектеп оқушылары айналысатын аясын мектепті бітіру соңына айқындап білсе, онда ол осы саланың ішіндегі нақты мамандануды таңдау жағынан күрделі болмақ. Қазір еңбек етіп жүрген мамандар еңбек нарығының өзгеруінен қысқарту қаупіне түсуі мүмкін мамандар үшін қиынырақ болмақ. Автоматтандыру мен роботтандыру КЛК қол еңбегін ығыстырып шығарады. Цифрландыру әртүрлі ақылды жүйелер си-

яқты жүйелерді ендіру арқасында көптеген мамандықтардың өзектілігін жоғалтады.

Интеллектуалды датчиктер кез-келген агрегаттар мен құрылғылардың жағдайын қадағалай алады, осы арқылы көлік-логистика саласының көптеген мамандарының қатарының функционалын оңтайландырады.

Әрине, көптеген адамдар инновациялар орасан зор инвестицияларды, даярлау мен ендірудің ұзақ уақытын талап етеді деп айтар, ал әлеуметтік және қаржы-экономикалық жағынан ескергенде, мақсатқа сай болуы жалпы объективті сынға ұшырауы мүмкін.

Бизнес үшін мұндай қажетті қаражатты, қарапайым адам атқара алатын функцияларды технологиялық жағынан ауыстыруға жұмсалатын қаражатты жұмсаудың қажеті не, оның шығындары инновациялар құнымен теңеспейді? Қазақстан дамыған елдерден қалыс қалғандықтан және озық ғылыми-техникалық жетістіктер біздің нарықта

пайда болып, өндірістік процестерге іске қосылғанша бірнеше онжылдық өтеді.

Бұл анық, дәл, прагматикалық көзқарас, өзінің дәл негіздемелері бар. Сонымен бірге, ТӨР жаһандық масштабтан пайда болған қайта салынуды тоқтата алмаймыз. Яғни, оған бейімделу қажет, әйтпесе, біз басқалармен бәсекелесе алмаймыз. Атақты футуролог пен бағдарламалаушы Мартин Форд атап өткендей: **«технологиялар өздерінің даму нүктесінде төмен жалақы, бұдан әрі автоматтанудың артықшылықтарымен бәсекелесе алмайтын сәт туындайды».**

Қайталана беретін операцияларды орындайтын арзан жұмыс күші роботтарға орнын береді. Яғни, 10 жұмыскердің 9 қысқарту қаупімен кездеседі де, ал қалғандары қайта оқып, жаңа жүйелердің операторы болады. Жұмыс процестері жаңа технологиялардың көмегімен автоматтандырылатын болады. Көлік жүйе-

лері жаңа механизмдерге және нақты жұмыс істеу принциптеріне өтетін болады. ЖИ мен үлкен деректер талдауына негізделген цифрландыру бұрын білікті кадрлар орындаған біршама кең функционалды қамтитын болады, оларға жаңа дағдыларды және тіпті қызмет саласын меңгеру сөзсіз қажет болады.

- ▶ Бұл өзгерістер қашан және қайда болады?
- ▶ 10-15 жылдан кейін қандай мамандықтар өзекті болмақ?
- ▶ Дәл айтқанда, қандай дағдылар мен құзыреттер қажет болады?
- ▶ Олар Қазақстанда қай жерде білім алады?
- ▶ Қалай үздіксіз бәсекеге қабілетті болып қалуға болады?

Осы және өзге де барлық сауалдарға біз осы Атласта жауап беруге тырысамыз.

¹ Мартин Форд: «Роботтар келе жатыр: технологияның дамуы және жұмыссыз болашақ» (ISBN: 978-5-



ЖАҢА
МАМАНДЫҚТАР
АТЛАСЫ ЖАЙЛЫ

3.





ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР МЕН ҚҰЗЫРЕТТЕР АТЛАСЫ



Машина жасау

Әр түрлі машиналарды, технологиялық жабдықтарды және олардың бөлшектерін жобалау, өндіру, қызмет көрсету, кәдеге жаратуды жүзеге асыратын экономика саласы



Ауыл шаруашылығы

Азық-түлік (тағам өнімдерін) және бірқатар өнеркәсіп салаларына арналған шикізаттарды өндіру, сақтау және қайта өңдеуге бағытталған экономика саласы



АТ

Техникалық құралдардың көмегімен пайдалы ақпаратты іздеу, жинау, сақтау, өңдеу, беру және ұсынуға бағытталған экономика саласы



ТМК

Шикізатты өндіруден бастап дайын өнім — қара және түсті металдар мен олардың қорытпаларын шығаруға дейінгі өндірістік процесс сатылары мен өзара байланысты салалардың жиынтығы



Энергетика

Барлық түрлі ресурстарды генерациялау, түрлендіру, тарату және пайдаланумен айналысатын экономика саласы



Мұнай-газ

Пайдалы табиғи қазбалар — мұнай және ілеспе мұнай өнімдерін өндіру, қайта өңдеу, жинау және сатумен айналысатын экономика саласы



Көлік және логистика

Жолаушыларды тасымалдауды жүзеге асыратын экономика саласы, сондай-ақ оңтайландыру мақсатында басқару жүйесі



Туризм

Басқа мемлекеттерге шығуды (саяхаттауды) немесе тұрғылықты мекенінен ерекшеленетін елді мекендерге өмір сүру салтымен, гастрономиясымен, табиғатымен және т. б. таныстыру үшін ұйымдастырылу жүзеге асырылатын экономика саласы



Құрылыс

Ғимараттарды, құрылыстарды, үймереттерді жобалауды, салуды (тұрғызу) жүзеге асыратын, сондай-ақ оларға күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізетін экономика саласы





ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР АТЛАСЫ ЖАЙЛЫ

Әлем Төртінші өнеркәсіптік революция деп аталатын кезекті революциядан өтіп жатыр. Бұл процестен болатын өзгерістердің қарқыны тым үлкен, ал инновациялардың таралу жылдамдығы экспоненциалды. Бірінші өнеркәсіптік революция кезіндегі иіру машиналарының таралуына 100 жылдан астам уақыт өтті, бұл өз кезегінде қоғамның индустриаландыруына әкелді.

Екінші революция кезіндегі электрлендіру 40 жылдан астам уақытты алды. Ал, үшінші революция шеңберіндегі Интернет планетамызды 10 жылға жуық уақыт ішінде қамтыды. Қазір алдыңғы қатардағы озық

технологиялық шешімдер мен АТ-әзірлемелер, мысалы, ұялы қосымшалар цифрлық каналдармен санаулы айлар ішінде таралып жатыр.

Озық қарқынмен даму траекториясына шыға алмаған мемлекеттер экономиканың қарқынды даму процесі мен инновациялық өсу шегінен тыс қалып қояды, яғни, әлем нарығында табысты түрде бәсекелестікке түсе алмайды. Соның салдарынан оларды әлеуметтік-экономикалық дағдарыс, өмір сүру деңгейінің төмендеуі мен озық, технологиялық жағынан дамыған мемлекеттердің қатарынан қалыс қалуы күтіп тұр.

Дүниежүзілік экономикалық форумның негізін қалаушы және Президенті Клаус Шваб өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революцияның технологиялары» атты кітабында кейбір дамушы елдер жаңа технологиялар мен білімнің өз қоғамына әсерін қалыптастыру процесін көрмейді және де жаңа өнеркәсіптік төңкерістің ықпалын да сезбейді деп атап өтеді. Экономикасы дамыған елдер ҒТП алғашқы жол салушылары болып табылатындықтан, технологиялар, қоғам мен экономиканың арасындағы теңгерім олар жаққа жеңіл ауысып кете алады. Егер ешбір шара қабылданса, онда дамушы елдер үшін болашақ абыр-сабыр қалыптасатын болады, ол мақсатқа сай бағытталмай, технология мүмкіндіктерді кеңейтпей, керісінше шектейтін болады.

Бізде қор әлі де 10-15 жылға бар, ол осы бәйгедегі көшбасшылармен бір қатарға түсуге жетеді. Егер осы уақытты ақылға сай пайдаланбасақ, біз ХХ ғасырдан ХХІ ғасырға жарып шығудың жалғыз мүмкіндігін жіберіп алатындай қатерде тұрмыз. Мәреге жеткізетін түрткі болашақтың кадрларын даярлау болуы керек, мұндай кадрларсыз ҒТП озық жетістіктерін жылдам, әрі ауқымды түрде енгізу мүмкін емес. Дайын мамандар іс біткен соң, біз өзгерістер қарқынына ілесе алмаймыз, яғни өз айналамызға қарап ғана қоймай, жарқын болашаққа қарап нысаналы түрде оқытуымыз керек. Біз тактикалық түрде емес, стратегиялық бағытта ойлануымыз қажет. Бүгінгі күннің мәселелерін емес, ертеңгі күннің мәселелерін шешу керекпіз.

Білім беру-инновациялық даму қарқынын жай ғана ұлғайтпай, біз аралық фазаларды аттап өтетіндей, онжылдықтар арқылы серпіліспен өтетіндей импульс беру керектілігі өте маңызды. Егер мұны жасамайтын болсақ, онда біз өзіміздің технологиялық эволюциямызды жалғастырамыз, бірақ біз технологиялық революцияның сыртында қаламыз.

Нәтижесінде біз әлемдік ғылыми-техникалық көшбасшылардың кильватерлерінде ілесіп, олардан біртіндеп кейінге қала беретін боламыз.

Қазір көлік-логистика саласында проблемалар көп. Инвестициялардың жеткіліксіздігі мен тиімсізділігі, жалақы деңгейінің төменділігі мен білікті мамандардың жеткіліксізділігі, әкімшілік бөгеулер, сервис сапасының төменділігі мен инфрақұрылымның әлсіз даму қарқыны, сондай-ақ көптеген проблемалар КЛК дамуын тежеуде. Әрине, бұл проблемалардың шешімін табу қажет. Алайда, бұл проблемаларға тікелей баса назар аударатын болсақ, біз алтын уақытымызды жоғалтамыз. Бейнелі тілмен айтар болсақ, жүйткіп келе жатқан ФТП поезының ең соңғы вагонына да секіріп міне алмай қаламыз.

Бұл Атлас – болашақтың еңбек нарығында мамандану мен құзыреттері жағынан навигатор, Төртінші өнеркәсіптік революциядан туындайтын кәсіби қызметтердің әлі де жоқ мамандықтары бойынша жол бағыттаушы. Бұл мамандық кәсіптері ФТП жеделділігі нәтижесінде алдағы 15 жыл көкжиегінде бәрібір пайда болады.

Әрине, бұл мамандықтардың генераторы бірінші кезекте, технологиялық көшбасшылар - мемлекет пен компаниялар, олар КЛК перспективалы даму бағыттары: ИКЖ, ЖИ мен машиналық көру, ұшқышсыз және автономды көлік құралдарын, виртуалды және ұлғайтылған шындықты, цифрлық телқосақтарды, аддитивті технологияларды, баламалы және экологиялық көлікті және басқаларды жетілдіруді қарқынды етуге мүмкіндік болады.

Бірақ, Қазақстан реципиент ролімен немесе инновациялық

маманданудың тривиалды репликаторы болмайды және ұмтыла алмайды. Бізге алдағы 5-10 жылда болашақтың мамандарын даярлауды бастау қажет, ол 15 жыл көкжиегінде дамыған елдердің қатарына техникалық жағынан ілесу үшін қажет. Дәл осы мақсатта бізге Жаңа мамандықтар атласы көмектеседі.

Ол логикалық жағынан байланысты тараулардан тұрады, оның негізінде КЛК секторының жаңа, өзгеретін және жоғалып бара жатқан мамандықтарының тізбесі қалыптастырылған. Олардың әрқайсысы КЛК саласындағы еңбек нарығының болашақ шымылдығын жайлап ашуға мүмкіндік береді.

«Қазақстанның көлік-логистикалық кешені» тарауы осы саланың ағымдағы жай-күйі туралы баяндайды. Ол статистикалық деректерге талдау жасауға негізделеді және қазіргі таңда бұл салада не болып жатқандығын түсіну үшін қажет.

«КЛК жаңартпалары: тасымалдудың болашағы» тарауы бүгінде және болашақта байқалған Төртінші өнеркәсіптік революция шеңберінде пайда болатын технологиялық, экономикалық және әлеуметтік-мәдени трендтердің түрі мен мәнін ашуға, қазіргі замандағы қоғам мен болашақтағы қоғамның өмір парадигмасын өзгертіп жатыр ма немесе өзгертеді ме? Логикалық бірізділікпен көлік-логистика саласының сарапшыларының бірлескен жұмысының нәтижелері берілген, олар өз саласының негізгі даму тенденцияларына болжам жасап, жалпы көлік-логистика секторына тұтастай және болашақтағы еңбек нарығына ықпал ететін маңызды деген технологияларды айқындады.

Бұл Қазақстанның КЛК саласының анық және мәнді болашағы туралы пікір қалыптастыратын басты тарау. Оның негізінде, әртүрлі салалық трендтерге, перспективадағы күтілетін бейнесі, тәуекелдері, мүмкіндіктері мен басқа да элементтеріне сараптамалық баға беру негізінде 2035 жылдан кейінгі Қазақстанның КЛК секторының болашақ жиналған концепт-портретінің көрінісін құрастырып жинады. Оған сүйене отырып, технологиялық дамудың

тудырса да, не болмаса мысқыл тудырса да, мұның барлығы біздің болашағымызда болатын деректер екендігін түсіне білу маңызды. Және бұл үшін ертерек қамдану керек. Бұл жолдағы алғашқы қадамдардың бірі – 2030 жылдардан кейін КЛК мамандарының дағдылары мен құзыреттерін анықтау. Олар «Болашақ мамандардың құзыреттері» тарауында баяндалып, санаттарына қарай құрылымдалып берілген. «Жаңа мамандықтарды жергілікті ету» тарауы



нақты бағыттары анықталады, яғни, салдарында қажетті кәсіби мамандандырулар айқындалады.


Олар «Қазақстанның болашақ КЛК секторының мамандықтары» тарауында баяндалған, мұнда үш санатқа бөлінген: жаңа, өзгеретін және жоғалып бара жатқан. Бұл тарауда ФТП ықпалымен қандай мамандану түрлері өзгереді, өзектілігін жоғалтады, ал келесі 10-15 жыл перспективасында қандай мамандықтар пайда болатындығына дәл түсінік береді. Бұл кәсіптерқаншалықты футуристі болып көрінсе де, қаншалықты күдік

болашақтың КЛК мамандарын жақын уақытта даярлауды бастайтын білім беру мекемелерінің біршама сай келетін білім беру ұйымдарын іздеуде және таңдауда КЛК секторы мен Қазақстанның кадрларды даярлау жүйесіне ықпалдастық етуге арналған. Мұнда ықтимал ірі жұмыс берушілер - ірі бизнес-құрылымдары көрсетілген, олар инновациялық көшбасшылар болады, яғни, білікті персонал оларға қажет болады. Атлас - болашаққа даярланудың қолданбалы құралы, оның елемеуге болмайды, себебі болашақ бүгіннен басталады.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨЛІК-ЛОГИСТИКА КЕШЕНІ

4.





2019 жылы мемлекеттік инфрақұрылымдық даму бағдарламасын 2015-2019 жылдарға орындау жұмыстары аяқталды. 2014 жылдан 2018 жылдарға дейінгі аралықта көлік қызметтерінің жалпы шығарылымы 63,5% артты және 7,5 трлн.тг. құрады. ҚР ЖІӨ КЛК қосынды жарнасы 7,2% деңгейде орын алды.

ҚР ҰЭМ СК шұғыл деректері бойынша 2019 жылы 8,1 трлн.тг дейін өсу байқалды.

Жүк және жолаушылар тасымалының көлемі біртіндеп өсіп келе жатыр. Осылайша, 2014-2018 жж. ішінде тасымалданған жүк көлемі 3,6 млрд.тоннадан 4,1 млрд.тоннаға дейін 13,1% өскендігін көрсетті. Өз кезегінде жолаушылар тасымалы 21,3 млрд. адамнан 23 млрд.адамға дейін 8,3% артты. Сәйкесінше, жолаушылар мен жүк айналымының көлемі де өсіп келе жатыр.

Көліктің көш басындағы түрі автомобильдер болып қалуда. 2018 жылы олардың үлесіне тасымалданған жүк көлемінің 83,4%, сондай-ақ барлық жолаушылардың 99,8% келеді.

КЛК көрсеткіштерінің өсуі де тасымалдауға мамандандырылған компаниялардың қатарында да көрінеді. 2014-2018 жж. кезеңінде олардың саны 21,9% өсті, 1644-тен 2005-ке дейін.

Ілгерілемелі өсу аясында, сала кәсіпорындарының саны сияқты, көрсетілген қызмет көлемінде де КЛК табысы да біртіндеп өседі. Осылайша, көлік саласының таза табысы 2014 жылдан 2018 жылдарға 70% өсті, 1,5 трлн.тг бастап 2,6 трлн.тг дейін өсті.

Ілгерілемелі өсу аясында, сала кәсіпорындарының саны сияқты, көрсетілген қызмет көлемінде де КЛК табысы да біртіндеп өседі. Осылайша, көлік саласының таза табысы 2014 жылдан 2018 жылдарға 70% өсті, 1,5 трлн.тг бастап 2,6 трлн.тг дейін өсті.



ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨЛІК-ЛОГИСТИКА КЕШЕНІ

Қазақстанның көлік-логистика кешені мемлекеттік қолдау шараларының кең пакетін іске асыру сияқты, табиғи жағдайларына негізделген тездетілген өсуді көрсетеді.

ҚР ҰЭМ СК КЛК темір жол, автомобиль, ішкі су, әуе, құбыр жолды көлік түрлерін қамтиды. Сонымен бірге, КЛК барлық қойма түрлерін, сондай-ақ, логистикалық тораптарды, мысалы,

елде белсенді түрде дамып келе жатқан жүктерді тасымалдау мен сақтау саласындағы барлық қызметтерді көрсететін көлік-логистика орталықтарын жатқызу мақсатқа сай болмақ.

4.1 Сурет.


Жүк және жолаушылар айналымының динамикасы.




² ҚР ҰЭМ СК Статистикалық жинағы «ҚР көлік» 2014-2018 жж.: <https://www.stat.gov.kz/edition/publication/month>

4.2 Сурет.
Көлік секторының кәсіпорындары түрлері бойынша (%).

Көлік кәсіпорындары түрлері бойынша (%)



4.3 Сурет.
КЛК негізгі капиталына инвестициялар динамикасы (тг.).



Алайда, көлік-логистика саласындағы инвестициялық белсенділіксоңғы жылдары әртүрлі бағыттағы динамиканы көрсетті.

Осылайша, 2014 жылмен салыстырғанда 2015-2017 жж. барлық көздерден негізгі капиталға инвестициялардың көлемінің төмендеуі байқалды. 2018 жылы көрсеткіш 2014 жылдың мәніне дейін қайта келді.

Инвестициялардың ең үлкен көлемі қойма секторына келеді. 2018 жылы КЛК бұл сегменті 333,4 млрд.тг капитал салымын тартты. Құбыржолы көлігінде инвестициялық белсенділіктің түсуін атап өткен дұрыс. Егер 2014-2017 жж.


секторға орташа алғанда жылына 347,4 млрд.тг салынса, 2018 жылы инвестициялардың қосынды көлемі тек 181,3 млрд.тг құрады.

Көлік-логистика саласында жұмыс істейтін кәсіпорындардың санының артуымен қатар жұмыспен қамтылғандардың саны да біртіндеп өсіп келе жатыр. Біз қарастырып отырған уақыт шегінде олар 13,7% өсті, 256,6 мың адамнан 291,7 мың адамға дейін өсті.

Жұмыскерлердің негізгі бөлігі құрылыстағы көлік түрлеріне және құбыржолды көлік түрлеріне – 51,1%, сондай-ақ, қоймаға жинау мен қосалқы қызмет көлігінің түріне – 45% келеді.

4.4 Сурет.
КЛК негізгі капиталына инвестиция құрылымы 2018 жылдың жағдайына (%).


Көлік кәсіпорындары түрлері бойынша (%)





4.6 Сурет.

КЛК жұмыскерлерінің жан басына шаққандағы жалақысы (мың адам) .



Көлік-логистика саласында еңбек етушілердің санының артуы аясында жас жұмыскерлердің салыстырмалы үлесі біртіндеп қысқаратындығына назар аудару қажет. Осылайша, егер де 2014 жылы олардың үлесіне осы салада еңбек етушілердің үлесіне 55% келетін болса, 2018 жылы бұл мән 43,6% құрады.

Саладағы орташа жалақы 2014 жылдағы 153,2 мың тг. бастап 2018 жылы 197,5 мың тг. дейін өсті, яғни 28,9% өсті.

Жалақыға қатысты 2018 жылдағы жағдай бойынша ең жоғарғы деңгей су көлігінің сегментінде белгіленеді – 741,5 мың тг., ал ең төмен - қойма сегментінде – 179 мың тг. Бұл ретте су көлігі КЛК ең аз сегменті болып қала береді. Осы


көлік түрі жұмыскерлерінің тізімдік саны тек 1,9 мың адамды ғана құрайды.

Алайда, жалпы алғанда ел бойынша орташа жалақы деңгейінің жалпы артуына қарамастан, көлік-логистика саласы жұмыскерлерінің табысының өсу динамикасы ел бойынша орташа номиналды жалақының қарқынынан 5,5 п.п. төмен. Осылайша, осы кезең аралығында 121 мың тг. және сәйкесінше 162,6 мың тг. құрады.

Егер мұндай қарқын сақталатын болса, онда КЛК жақын болашақта табыс деңгейі бойынша экономиканың басқа салаларынан қалыс қалады, бұл білікті кадрлардың кетуіне әкеледі. Көлік-логистика саласының көптеген сегменттерінің жалақысы елдегі орташа номи-


4.5 Сурет.

КЛК жұмыскерлерінің арасындағы жастардың салыстырмалы салмағының динамикасы (мың адам, %).



4.7 Сурет.

Саладағы және елдегі жан басына шаққандағы жалақы динамикасы (мың тг.).



налды жалақыдан көп аспайды, біліктілігі жоғары мамандар қазақстандық КЛК кетеді деген болжам да өседі.

Көлік қызметтерін дамыту Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін өсірудің басты ынталандырушы компоненттерінің бірі болып табылады. ҚР 2025 жылға дейін стратегиялық даму жоспары (бұдан әрі - Стратегия) заманауи логистикалық хабын құруды қарастырады, ол елдің транзитті-көлік әлеуетін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.³

Бағдарлама озық технологияларды енгізуге, тиімділігі жоғары сервистік инфрақұрылымды құруға, Қазақстанның әлемнің көлік-логистика орталықтарының тораптарына қатынауды ұлғайтуға бағдарланған.

Стратегияның шеңберінде КЛК дамыту үшін кейбір маңызды бастамалар ұсынылды. Бұл - ав-

томобиль жолдарының сапасын арттыру және жол бойындағы қызметтерді дамыту, сондай-ақ, халықаралық көлік дәліздерінің өткізу қабілетін арттыру.

Стратегияда атап өтілгендей, Қазақстанда жолдарды ұстау, жолдарды жөндеу мен қайта салу, жол жөндеу жұмыстарын қамтуды ұлғайтуды қаржыландыру көбейтілетін болады, автожолдарды ақаусыз ұстау жөніндегі жаңа нысандағы келісімшарттар енгізіледі, автомобиль жолы инфрақұрылымының сапасын бағалау индикаторлары мен дәл критерийлері әзірленеді, халықаралық және республикалық деңгейдегі автомобиль жолдарының бойында перспективалық сервис объектілерінің орналасу схемалары бекітілетін болады және басқалары.

Сонымен бірге, Стратегия әкімшілік бөгеулердің азайтылуын, реттеу бақылауын жеңіл-



дету саласында рұқсаттама құжаттарын беру процедурасы мен басқа да қадамдарды жеңілдетуді көздейді.

Осылайша, Қазақстан КЛК дамыту бойынша нақты қолданылатын қадамдарды қабылдайды. Алайда, талдау саланың сапалы кадрлармен қамтамасыз етілуі жеткілікті ашылмаған күйде қалады.

КЛК негізгі мамандықтары техникалық персоналмен ұсынылғандығын ескере отырып, оны оқытуды жеке меншік құрылымдар (мысалы, жүргізушілер автомектептерде оқиды) жүргізеді, көлік-логистика саласын кәсіптілік деңгейі жоғары кадрлармен қанықтыру қиын жүзеге асырылатын міндеттер-

мен ұсынылады. Ірі тасымалдаушылар бейіні тар мамандарға зәру, ал әуе және су көлігі сияқты секторлардың сипаттізімі арнайы мамандандырылған оқытуды болжайды.

Осыған байланысты Қазақстан ағымдағы және әлеуметтік трендтерді, әлеуметтік-экономикалық және технологиялық трендтерді есепке ала отырып, саланың кадрлық құрамының перспективалық құрылымын терең зерделеу қажет. Бұл шараның мақсатқа сай болуы жалпы алғанда саланың кадрлық қамсыздандыру жағынан автономды болуына байланысты, біліктілігі жоғары жұмыскерлерді тартпайды (әуе, су көлігі мен құбыржол жүйелерін есепке алмағанда).

³ ҚР 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=38490966&doc_id2=38490966#pos=29;-120&pos2=1069;-86



САЛА
САРАПШЫЛАРЫНЫҢ
ПІКІРЛЕРІ

5.





ВАСИЛИЙ КОРОЛЕВ

«Трансал «Фрахтовая компания-сы» ЖШС Бас директоры, «ТрансАл «Фрахтовая компаниясы» ЖШС жанындағы жобалық логистикалық орталықтың директоры, Қазақстан-Неміс университетінің құрметті профессоры.

Мен қазір көріп отырған басты тренд - бұл көптен күткен көлік және логистика байланысы. Бұрын бұл жанжалды қатынастар еді, енді олар ынтымақтастық жолына түсті.

Бұрын көлік толығымен басым болды және логистикалық ынтымақтастықтың тапсырыс берушісі ретінде мұндай ынтымақтастыққа дайын емес еді, дегенмен, керісінше болуы керек. Келесі тренд - бұл Орталық Азия елдеріндегі көлік және логистика арасындағы жаңа өзара іс-қимыл, мұнда ҚР тәжірибесі Орталық Азияның басқа елдерімен салыстырғанда Қазақстанның жоғары технологиялық ілгерілеуін көрсетеді. Егер мұны серіктестер біздің еліміз үшін сабақ ретінде дұрыс қолданатын болса, онда барлық тараптарға ашық және түсінікті технологиялық дәліздің жедел дамуы мен енгізілуін күтуге болады, онда КЛК күткен ақшаны таба алады. Әзірге бәрі біржақты және аз келісілген шешімдерде жұмыс істейді және көбінесе КЛК-ға қарсы қарым-қатынаста болады.

Бір жағынан, бізде жаңа білімге деген қажеттілік бар, ал екінші жағынан, бұл білім, дағдылар мен құзыреттер салада қолданылуы үшін кедергілер мен қақтығыстарды көреміз.

Егер біз сұранысқа ие мамандықтар туралы айтатын болсақ, онда мен мыналарды атай аламын:

- ▶ логистика саласындағы АТ операторлары,
- ▶ логистикалық шешімдерді жасаушылар мен технологтар,
- ▶ үйлестірушілер,
- ▶ барлық түрдегі жеткізушілер,



- ▶ бізге барлық деңгейдегі интеграциямен айналысатын мамандар қажет.

Мүмкін болса, мен бұл мамандарды интеграторлар деп атайтын едім. Мысалы, нарықты алдын-ала талдайтын адамдар тұтынушылармен жұмыс істеп, не, қайда және кімге сатуға және қалай тасымалдауға болатынын айтты. Сондай-ақ, нарықты талдайтын, бірақ орау, өңдеу және т.б. процестерді жетілдіретін артқы интеграторлар. Бұл таза логистикалық мамандықтар.

Бізге агрегаторлар қажет, қазір олар бұрынғы диспетчерлер немесе ақпараттық платформада жұмыс істейтін адамдар. Үйлестірушілердің рөлі де артады. Сондай-ақ логистиканың барлық түрлері мен деңгейлерінде реинжиниринг және оңтайландыру саласындағы мамандар, мысалы, көлік оңтайландырушысы, қаржы-экономикалық оңтайландырушы, технологиялық баға, кедендік және қоймалық оңтайландыру жөніндегі маман және

т.б. қажет болады. Қазір ондай мамандар жоқ.

Салаға кадрлар қажет. Біз логистикалық бейіндегі барлық ЖОО-ларда технологиялық бюролар, 3PL және тіпті 4PL қағидаттарында жұмыс істейтін кәсіптік оқыту алаңдары ретінде оқу-өндірістік кәсіпорындар енгізілгенін қалаймыз, оларда практикалар мен оқытушылармен ынтымақтастықта студенттер бақылаушылар рөлінде емес, қатысушылар ретінде медициналық ЖОО-ларда студенттік орындықтарда атақты профессорлардың бақылауымен оқитын осындай кәсіпорындар жұмыс істейді.

Мемлекет бұл бастаманы салықтық преференциялар мен қаржыландыруды алу бойынша жеңілдіктер шеңберінде қолдағанын, сондай-ақ бизнес-сектордан келген практиктер үшін тәлімгер мәртебесін барынша қорғағанын, оларды жоғары оқу орнына осындай қажетті жұмыс үшін шақыру оңай болмағанын қалаймыз.



ЕРХАТ ИСКАЛИЕВ

«Атамекен» ҰҚП көліктік логистика кіші комитетінің төрағасы, «Kazlogistics» Қазақстан көлік қызметкерлері одағы төралқасының мүшесі.

Әлемді дүр сілкіндірген COVID-19 пандемиясы жүздеген адамдардың өміріне ғана емес, сонымен қатар жергілікті және жаһандық нарықтардағы жағдайға да әсер етті. Елдер арасындағы шекаралардың жабылуына және өзін-өзі оқшаулау режимінің енгізілуіне байланысты өндірістік қуаттылықтың едәуір төмендеуі логистика саласына үлкен өзгерістер әкелді.

Мен қазір біз бақылап отырған саладағы негізгі трендтерге тоқталғым келеді. Атап айтқанда, біз коммерциялық емес саладағы өзгерістерді байқап отырмыз, тұтынушылардың сұраныстары өзгерді. Белгілі бір даралау және массадан кету бар.

Сонымен бірге, тасымалдау жылдамдығы мен үздіксіздігі мәселесі маңызды бола түсуде. Жыл сайын нарықта көлік компанияларының бәсекеге қабілеттілігі артып келеді. Клиент бірінші кезекте өзінің жеке қалауына негізделгендіктен, мерзімдері мен ыңғайлылығына ерекше назар аударады. Нәтижесінде соңғы мильдегі брендтер пайда болды.

ТАҒЫ БІР ҮЛКЕН ҮРДІС - БҰЛ КӨЛІКТІ БАСҚАРУСЫЗ БАСҚАРУ. СУЫҚ ТІЗБЕК ПАЙДА БОЛДЫ. ҮЗДІКСІЗ ЖЕТКІЗУДІҢ БҰЛ ТҮРІ БҮКІЛ ҒЫЛЫМ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. БҰЛ САЛАДА БІЗДЕ МАМАНДАР ЖЕТІСПЕЙДІ.

Саланың әлсіз дамуының бірнеше негізгі себептері бар. Өздеріңіз білетіндей, Қазақстан теңізге шыға алмайды, сондықтан әлемдік рейтингтерде біз төменде тұрмыз. Темір жол көлігінің де, автокөліктің де үлкен тозуы бар.

Үшіншіден, біздің еліміздің өзі жүктерді аз өндіреді. Ішкі тасымалдау маршруттардың ұзақтығына, рельефтің күрделілігіне, халықтың аздығына және т. б. байланысты тиімсіз.

Бізге контейнерлеуді, supply management енгізу, жұмсақ инфрақұрылымды, автоматтандыруды дамыту қажет, мұның бәрі цифрландыру аясында болады. Жалпы, логистика көлігі емес, көлік тек логистика құралы екенін атап өткім келеді. Саладағы ең бастысы - кадрлар. Экономиканың көптеген салаларындағыдай, мұнда да білім мен кадрлар өкінішке орай ескірген.

Сондай-ақ, университеттерде оқыту әдістемесін жаңарту және оқу бағдарламаларының базасын жаңарту қажет. Кадрлар алатын білім бүгінгі сын-қатерлерге жауап беруі тиіс.

ӘЛЕМДІК ОЙЫНШЫЛАР, ӨНЕРКӘСІП КӘСІПОРЫНДАРЫ МЕН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ АРАСЫНДА ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫС ОРНАУЫ ТИІС. ӨЙТКЕНІ, КАДРЛАРҒА ДЕГЕН СҰРАНЫС ТЕК ҚАНА ӨСЕТІН БОЛАДЫ.

Бізге прагматизмді қолдану қажет. Елде кадрлар мен білімді жаңартуды қажет ететін салалардың үлкен қабаты бар, мысалы, Каспий мен Қорғас.

Шетелдік тәжірибені кеңінен қолдану қажет деп санаймын. Ең алдымен, жаңа стандарттарды енгізуден бастау керек. Бізде ескі стандарттар болғандықтан, бәрі ескіреді. Мұндай құралдар Қазақстанның халықаралық транзиттік әлеуетін көтеруге көмектеседі. Ол үшін бізге ре-

сейлік стандарттарға сүйеніп қана қоймай, шетелдік әріптеріміздің тәжірибесіне барынша кеңірек қарау керек.

Көлік-логистика саласында автоматтандыруға байланысты жаңа мамандықтар пайда болатыны сөзсіз. Себебі елде техникалық мамандықтар өкілдерінің тапшылығы байқалады. Мысалы, медицинада жабдық бар, дәрігер оны ең аз пайдаланады, өйткені ол техник емес және осы құрылғының барлық мүмкіндіктерін білмейді. Ақша техникаға көп жұмсалады, ал пайдасы 100% - дан 10% - ға ғана жұмсалады.

Менің болжамым бойынша, 2050 жылы еліміздегі логистикалық саланы автоматтандыру толығымен жасанды интеллектке көшеді. Осындай мысал-Жапонияның тәжірибесі.

Hitachi компаниясы жасанды интеллект бағдарламасын енгізді, ол берілген параметрлер негізінде қоймалар мен қызметкерлерді басқарады. Мұндай робот менеджерлері өндіріс процесін нақты уақыт режимінде бақылай алады.

Сонымен қатар, жасанды интеллект қызметкерлердің тиімділігін арттыру жолдарын табады. Әрине, мұндай жетістіктерге ұмтылу-біздің алдымызда тұрған басым міндеттердің бірі.



ЭДУАРД КАПЛАН

«Transsystemu»
компаниясының директоры

Егер көлік-логистикалық кешенді (КЛК) макро деңгейде қарастыратын болсақ, онда аймақ мемлекеттік көліктік жоспарлау әдіснамасын одан әрі жетілдіру міндеті болып табылмайды. Микродеңгейде заманауи логистикалық технологияларды (3/4 PL провайдерлер, Supply Chain Management және басқалар) енгізумен, цифрландырумен, интеграциялық ақпараттық-логистикалық IT-платформаларды құрумен, қызметкерлердің біліктілік деңгейін арттырумен байланысты проблемалық мәселелерді бөліп көрсетуге болады. Нарықтық экономика жағдайында міндеттердің екінші блогын көлік қызметтері нарығына қатысушылардың өздері (жүк иелері, тасымалдаушылар, логистикалық операторлар) шешуі керек деп саналады. Сонымен қатар, мемлекет, біздің ойымызша, осы процестерді ұйымдастыруға белсенді қатысуы керек.

Қазақстан Еуразия құрлығындағы көлік-логистикалық хабқа айналып келеді. Он жыл бұрын көптеген адамдар Қытай–Еуропа жаңа құрлық көпірін құру идеясын іс жүзінде жүзеге асыруға сенбеді. Шынында да, Суэц каналы арқылы өтетін дәстүрлі теңіз бағыты ұзақ уақыт сыналған, сенімді және жеткізу құны бойынша ең үнемді, ал жер үсті арқылы жеткізу жылдамдығының теориялық өсуі практикамен расталмады.

Алайда, құрлықтағы жобаға қатысушылардың күш-жігерімен, ең алдымен, Қазақстан мен Қытайды, Қытай мен Еуропаны байланыстыратын маршруттар бойынша жүрдек контейнерлік пойыздардың тұрақты қозғалы-

сын ұйымдастыруға қол жеткізді, мұның көрсеткіші осындай тасымалдау көлемінің жыл сайынғы өсуі болып табылады. Сонымен қатар, Қазақстанның алдында мемлекеттік маңызы бар тағы бір міндет тұрғанын, атап айтқанда, экспорттық-импорттық және республикаішілік жүк тасымалдарын дамыту, дайын өнімнің өзіндік құнындағы көлік шығындарын азайту, жүк иелеріне көлік-логистикалық қызмет көрсету сапасын жақсарту тұрғанын түсіну маңызды. Оның шешімінде үлкен резервтер бар, бұған Дүниежүзілік банк сарапшылары бағалайтын LPI индексінің көрсеткіштері дәлел бола алады. 2018 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан әлемде 71-ші орын алды, «логистикалық қызметтердің сапасы мен құзыреттілігі» көрсеткіші бойынша 90-шы орын. Бұл деректер алға қойылған міндеттің өзектілігін тағы бір рет атап көрсетеді, оның үстіне Қазақстан ашық теңіздер мен мұхиттардан қашық болғандықтан және осының салдарынан өнімнің өзіндік құнындағы көліктік құрауыш елеулі үлес болып табылады, шамамен 20-25% (ашық теңіздерге тікелей жақын орналасқан елдерде көліктік құрауыш 10% деңгейінде тұр). Әрине, бұл басымдықтар мемлекеттік көлік саясатында және ұлттық көлік-логистикалық орталықтың стратегиялық дамуының бағдарламалық құжаттарында барабар көрініс табуы керек.

Біздің ойымызша, Елдің көлік-логистикалық әлеуетін нығайтуға ірі инвестициялық мега-жобаларды іске асыру ғана емес, сондай-ақ көлік инфрақұрылымының «тар

жерлерін» кеңейту жөніндегі шағын «нүктелі» жобалар да әсер етеді. Бұл, әсіресе, жалпы пайдаланудағы кейбір станциялардың инфрақұрылымын, сондай-ақ жүк иелерінің зауыт ішіндегі көлік инфрақұрылымын дамыту артта қалған теміржол көлігі үшін өзекті.

Осы себепті тиеу-түсіру кезінде теміржол вагондарының тұрып қалуы нормативтік құжаттарда көзделгендей сағатпен емес, күндермен есептеледі. Жылжымалы құрамды осындай тиімсіз пайдалану оның тапшылығына алып келеді, бұл әсіресе жылу беру маусымында (күзгі-қысқы кезеңде), жекелеген ЖЭО-лар көмірді уақтылы жеткізбеуге байланысты тоқтау шегіне жеткен кезде өте маңызды. Осылайша, вагондар тапшылығы мәселесі оларды сатып алу жолымен ғана емес, көлік инфрақұрылымын дамытудың «нақты» жобаларын іске асыруға, сондай-ақ қазіргі заманғы логистикалық технологияларды енгізуге байланысты оларды

Мұндай жағдайларда көлік-логистикалық компаниялар бастама көтеріп, тасымалдау процесінің барлық басқа қатысушыларының интеграторы болуға, интеграцияланған логистикалық командаларды құруға, вагондарды тиеуден бастап оларды түсіруге дейін логистикалық тізбектерді оңтайландыруға тиіс.

пайдалану тиімділігін арттыру арқылы да шешілуі тиіс.

Осы пайымдаулардың негізінде саланың «жеңіл» активтерін (білікті кадрлар, қазіргі заманғы логистикалық технологиялар) дамыту неғұрлым өзекті бағыт болып отырғанын және осы бағытты сәтсіз іске асырған кезде «ауыр» активтерді (жылжымалы құрамды, көлік инфрақұрылымын) пайдалану тиімділігі күрт төмендеуі мүмкін екенін көруге болады.

Көлік және логистика саласындағы оқыту мәселесін ерекше атап өткен жөн, ол көбінесе формальды болып табылады және одан әрі жетілдіруді талап етеді. Тағы бір проблемалық аспект – көлік заңнамасының нарықтың қазіргі заманғы жағдайларына барабар үйлесімді дамуы. Елдің көлік-логистикалық кешені экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда озық қарқынмен дамуы керек деп саналады. Бұл қағидат Қазақстан үшін де өзекті және бағдарламалық-стратегиялық құжаттарда көрініс табады, бұл ретте іс жүзінде ол әрдайым толық іске асырыла бермейді.

БҰЛ ПРОБЛЕМА ПАНДЕМИЯ ЖӘНЕ ЭЛЕМДІК ШАРАЛАРДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІҢ КҮШЕЮІ ЖАҒДАЙЫНДА ОДАН ДА МАҢЫЗДЫ БОЛА ТҮСУДЕ. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЗАҚСТАНҒА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУГЕ ЖӘНЕ КАДРЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУҒА НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚ БЕРЕ ОТЫРЫП, КӨЛІКТІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ КЕШЕНДІ ДАМУДА ІРІ АУҚЫМДЫ СЕРПІНДІ ІСКЕ АСЫРУ АСА ҚАЖЕТ.



БАТЫР ХАЙИТБАЕВ

«MSC Central Asia»
компаниясының басшысы

Біз қазір байқап отырған негізгі тренд - жүктерді контейнерлеу. Саланың өзгеруі Қазақстанның бүкіл экономикасын қозғайтын жүйелі болуға тиіс.

Маңызды мәселе — бұл баға белгілеу, біздің саясатымыз бәсекелестерімізден тасымалдаудың баламасын іздеудің пайдасы болмас үшін клиенттерге адал болуы тиіс. Біз транзиттік мемлекет ретінде транзиттік тасымалдарды бірінші кезекте дамытуға, өзіміздің экспортымыз бен импортымызды ұмытпауға тиіспіз. Сіз бағаны өзгерте алмайсыз, ең алдымен теміржолды оңтайландыруыңыз керек. Коронавирус бізде жоғары қосылған құны бар тауар өндірісі жоқ екенін көрсетті, біз негізінен материалдарды экспорттаймыз. Мұнай бағасы төмендеген сайын бұл туралы айтылады, содан кейін ол қалыпқа келеді және бәрі ұмытылады.

Сапалы кадрлар - бұл жай ғана апат. Білікті кадрларды табу мүмкін емес. Әрине, білім беруде проблемалар бар, бірақ өскелең ұрпақта да проблемалар бар.

Менің ойымша, 32 жастан асқан адамдарда жұмыс істеуге деген ұмтылыс бар және олар «тоғаннан балықты қиындықсыз шығаруға болмайды» деген сөздің мағынасын түсінеді. Жастардың бәрі соншалықты әдемі, сүйкімді келеді және бірден 2-3 мың доллар жалақы алғысы келеді, бірақ сонымен бірге олар ештеңе бере алмайды. Ал енді, жас кадрларды іріктеу кезінде біз көбіне білімге қарамаймыз, ең бастысы - жұмысқа, өсуге, дамуға деген ұмтылыс бар, біз кәсіпорында оқытамыз. Біз білікті кадрсыз жаңа ештеңе енгізе алмаймыз.

Мен үшін КЛК-ның болашағы IT саласында. Болашақта, егер біреуге бірдеңе тасымалдау қажет болса, ол жай ғана жүктің кодын, контейнердің түрін және т.б. көрсетеді, контейнерлерден қажетті уақытта қажетті жерде болатын қосымшаны таңдайды, Сіз оны жүктейсіз, онлайн режимінде жібересіз, оның қозғалысы туралы мәліметтер аласыз және басқа да қажетті ақпарат аласыз. Егер бос ақшаның шексіз сомасы болса, мен оны біздің темір жолымызға, тарату хабтарына салар едім және, әрине, қосылған құны жоғары тауарлар өндірісін дамытар едім.



ЕЛЕНА МЕЗЕНЦЕВА

«IPL Kazakhstan»
ЖШС директордың операциялық
мәселелер жөніндегі орынбасары»

Біз қазір көріп отырған негізгі үрдіс - экспедиторлардың рөлін делдалдық және артық деп қабылдау, бұл логистиканың қымбаттауына әкеледі. Кедендік брокерлерге де қатысты. Мен бұл жағымсыз тенденцияны анық байқаймын. Жалпы, біздің логистика өте қымбат, өйткені негізгі өндіріс орталықтары, облыс орталықтары арасында үлкен қашықтық бар.

Логистика саласындағы білімнің жағдайы қазір жақсы. Барлығы логистиканы оқуға асықты, ал әр университет логисттерді өзінше дайындай бастады. Біз алдымен логистика мұғалімдерін даярлауымыз керек, өйткені қазір логистиканы бұрынғы экономистер, ғылым докторлары, ғылыми дәрежесі бар оқытушылар оқиды. Тәжірибе, олар көбіне біртіндеп жүрмейді, бірақ студенттер өздерінің жинақталған құнды тәжірибелерін бере алады. Енді біздің университеттерден кететін таза теоретиктер бар.



АЙЖАН БЕЙСЕЕВА

Орталық Азиядағы көлік және логистика бағытының басшысы, бәсекеге қабілеттілік, сауда және жұмыс орындарын құру жөніндегі USAID жобасы (СТЖ)

Қазіргі уақытта біз ауада болып жатқан трендті көріп отырмыз және оны дамыту қажет. Бұл әсіресе пандемияға байланысты көрінді. Бұл Қазақстандағы суық жеткізу тізбегі, бұл температуралық қоймалар да, фермерлермен бірігу де. Мен тез бұзылатын өнімдер үшін бөлек сызық алғым келеді. Егер проблемалар туралы айтатын болсақ, бастысы – шекарадан өту, мемлекеттік органдармен жұмыс. Әрине, мемлекеттік органдар тарапынан жұмыс жүргізіліп жатыр, бизнес тарапынан әрбір ескертумен қандай да бір өзгерістер енгізілуде. Бұл әсіресе Орталық Азияның басқа елдерімен салыстырғанда айқын көрінеді. Сондай-ақ, әр түрлі деңгейдегі кадрлардың біліктілігінің болмауына байланысты проблемалар бар. Бұл мектептер мен университеттердің түлектерінен көрінеді. Осыған байланысты біздің салада кадрлардың ауысуы байқалады, оны да жою қажет. Болашақта роботтарға бере алмайтын нәрселер бар. Мысалы, клиенттермен жұмыс, Тапсырыс берушінің қажеттіліктері мен менталитетін ескере отырып келісім-шарт жасау. Сондықтан үлкен тәжірибеге ие және осы білімді жеткізе алатын мамандар әрқашан сұранысқа ие болады.

Қазақстандық КЛК әлеуеті өте үлкен, біз консолидатор бола аламыз, көршілерімізде ұсынылмаған қызметтерді ұсына аламыз. Мысалы, егер біз supply chain тізбегін алсақ, онда Қазақстан мен Өзбекстан нарығында бәсекеге қабілетті жақсы, «дәмді» өнім пайда болады. Әрі қарай біз инфрақұрылымымызды пайдалануымыз керек, бізде «А» класты қоймалар бар, қызметкерлеріміздің әлеуетін арттыру бойынша тұрақты жұмыс жүргізілуде. КЛО бос болмауы үшін және бізде жыл бойы, әсіресе шекаралық КЛО қызметтерінің толық спектрі болуы үшін одан әрі дамыту қажет. TLC әрдайым жаңа технологияларға ашық, бірақ бұл жай ғана ойланбастан көшірілмеуі үшін көптеген факторларды ескеру қажет, сондықтан бәрі ойластырылған және біздің шындыққа сәйкес келеді. Жалпы, саладағы кез-келген өзгеріс білім беру жүйесіндегі өзгерістерден басталуы керек. Маман болу үшін Америкаға барудың қажеті жоқ және бұл түсінік бізге алдағы 10-15 жылда келеді деп ойлаймын.



ВЛАДИМИР ХАН

«DHL Logistics (Қазақстан)»
ЖШС DHL FREIGHT KZ
басқарушы директоры

Салада қазір цифрландыру және автоматтандыру үрдістері байқалуда. Мен болашақта клиенттердің логистикаға ең аз қатысуын көремін, барлығы барынша автоматтандырылған болады. Өз тауарларын бір уақытта мыңдаған нүктелерге жіберетін клиенттер бар, оларды автоматтандырусыз жасау мүмкін емес.

Қазір сондай-ақ, ірі көтерме тұтынушыларсыз құрама жүктерге өте үлкен назар аударылып жатыр және мұндай процестерде цифрландыру және автоматтандыру аса маңызды фактор болып табылады. Бүгінгі таңда Қазақстанда бұл процестер нашар дамыған.

Егер біз транзиттік әлеуетімізді дамытсақ, біздің компаниялар холдингке айналады және жақын орналасқан барлық елдерден пайданы шоғырландыратын болады. Мен Беларусьта бас кеңсесі бар компанияларды білемін, ал филиалдары 12-15 елде жұмыс істейді. Егер бізде Қазақстанда миллион автомобиль болса, бұл 1,5 миллион адам тек жүргізушілер үшін жұмыс істейтін болады, оған қоса аталған автокөліктерге қызмет көрсету үшін механиктер, сату бөлімінің қызметкерлері, ТҚС, ЖҚС және т.б. қажет. Бізде үлкен перспективалар бар: бізде жанармай арзан, жүргізушілердің жалақысы төмен, сонымен қатар жұмыс істеуге дайын үлкен халық бар. Осылайша, біз Қытай мен Ресей, Орталық Азия мен Ресей, Еуропа мен Қытай арасындағы көлік ағындарына қызмет көрсете аламыз. Транзиттік қоймаларға, контейнерлік хабтарға, автомобиль және вагон парктеріне қаражат салу қажет.

Егер жоғалып бара жатқан мамандықтар туралы айтатын болсақ, егер бізде дрондар болса, 2050 жылға қарай жүргізушілер жоғалып кетеді деп ойлаймын. Автоматтандыру есебінен экспедиторлар белгілі бір дәрежеде жоғалып кетуі мүмкін. Жалпы, ең перспективалы сала - бұл ақпараттық технологиялар және ақпараттық технологиялар мен логистикаға байланысты барлық нәрсе. Болашақта адамның қатысуын азайту болады, бәрі автоматтандырылады және роботтандырылады.



КӨЛІК-ЛОГИСТИКА
САЛАСЫНДАҒЫ
ТРЕНДТЕР: ЖАҢА
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ
ЫҚПАЛЫ,
ЭКОЛОГИЯЛАНДЫРУ
ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫ
ҚАЛАУЫНЫҢ
ӨЗГЕРУІ

6.





КӨЛІК-ЛОГИСТИКА САЛАСЫНДАҒЫ ТРЕНДТЕР: ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЫҚПАЛЫ, ЭКОЛОГИЯЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫ ҚАЛАУЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ

ҒТП экономиканың барлық салаларының, оның ішінде көлік-логистика секторының даму драйвері болды. Жұмыс процестерін автоматтандыру мен цифрландыру міндеттерін шешетін озық технологиялық жаңартпаларды ендіру қазірдің өзінде қаржыландырылған дамудың басты кепілі болады, ал болашақта оның қарқынының, оның кірігу тереңдігі мен енінің артуымен инновациялар кез-келген саладағы табысқа жетудің басты факторы болады.

Сонымен бірге, әлеуметтік-экономикалық, табиғи және технологиялық тенденциялардың қатарымен байланысты тұтынушының сұраныстарының шеңбері біршама түрін өзгертеді. Адамдар өнімдердің және көрсетілетін қызметтердің экологиялы болуына, уақытша шығындардың қолайлы және аз болуына, сервис сапасына және басқаларына өз назарын көбірек айналдырады. Нарық күнделікті өсіп келе жатқан талаптарға ыңғайланып, жаңа ұсыныстар пакетін қалыптастырып, реттеуші аспектілерді ескеруі керек. Яғни, жаппай тұтыну бейнесінің конфигурациясы біраз өзгереді.

Жүргізілген талдау келесі 10-15 жыл бойы өзекті болатын негізгі салалық трендтердің қатарын анықтап берді. Олар жиынтықта КЛК саласының даму векторларын жалпы алғанда және нақты технологияларды жекелей алғанда анықтайтын болады. Олар құрылымдала келе бүкіл әлемге тән мегатрендтер қатарының шеңберінде топтастырылады.

Бұл мегатрендтердің әрқайсысы жаһандық экономикаға және қоғамға орасан зор ықпал етеді. Сонымен бірге, олар ақиқат көрінісі, адамның өмір тіршілігінің өнімі мен нәтижесі болып табылады.

САЛА САРАПШЫЛАРЫ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ПІКІРІ БОЙЫНША КЛК БІРШАМА КӨБІРЕК ЫҚПАЛ ЕТЕТІН БАСТЫ МЕГАТРЕНДТЕР КЛК ЦИФРЛАНДЫРУ, АВТОМАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ РОБОТТАНДЫРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.


Осы жағынан алып қарағанда тұтастай көлік-логистика саласы үшін басты өзгертуші ынталандырушы технологиялық қайта салу болатындығы анық көрінеді.

ТРЕНДТЕР

- 01 **КЛК КӘСІПОРЫНДАРЫН ЦИФРЛАНДЫРУ**
- 02 **ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕРДІ АВТОМАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ РОБОТТАНДЫРУ**
- 03 **ТҰТЫНУШЫ ҚАЛАУЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ ЖӘНЕ ӨМІР САПАСЫ МЕН ЖАЙЛЫЛЫҒЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРДЫ КҮШЕЙТУ**
- 04 **ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛАПТАРДЫ ҚАТАЙТУ ЖӘНЕ КЕҢЕЙТУ**
- 05 **ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІНІҢ/РЕСУРСТАРДЫҢ ТАУСЫЛУЫ/ҰЛҒАЮЫ**
- 06 **ЖАҢА БУЫН ЖҰМЫСКЕРЛЕРІНІҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ**

6.1 Сурет.

КЛК дамуына мегатрендтердің ықпал ету дәрежесін бағалау (%).



Адамның қол еңбегі өтті және барлық КЛК осылай өтіп жатыр. Алайда 10-15 жыл уақытының көкжиегінде ФТП жетістіктері осы саланы ең алдымен, механикалық қол еңбегі мен қайталанатын ақыл-ой еңбегінен – қоймашы мен есепке алушының функционалынан бастап жүк автомобильдері мен поездардың жүргізушілерінің жұмысына дейін біраз өзгертеді.

КЛК өзгеру динамикасына жас мамандардың сұраныстары мен үмітінің өзгеруіне және тұтынушы қалауының өзгеруіне ықпал етеді.

Көлік-логистика қызметінің нарығы көптеген әлеуметтік-экономикалық факторларға, мысалы, іскерлік және тұтынушы

белсенділігі, туристік сапарлардың көлемі, халықтың сапалы алу қабілеті және басқаларына тікелей байланысты болады. Және оның тұрақты дамуы, сондай-ақ, өзгеру құралы мен салдар ретінде сыртқы нарық жағдайларымен айқындалады. Егер нарық аясы теріс болса, мысалға COVID-19 пандемиясының салдарынан КЛК табысы төмендеп кетті, ол басқа салалармен салыстырғанда біршама көп төмендеді. Яғни, секторға инвестициялар көлемі де қысқарады, оның салдарынан жаңартылатын бастамаларға теріс әсер келеді. Сонымен бірге, қолайсыз сыртқы экономикалық конъюнктураға қарамастан әлемнің ірі көлік-логистика компанияларының әртүрлі сек-



торлары өз назарларын техникалық қайта жарақтандырудың терең құрылымдалуына аудару қажет.

Жаңа бағдарламалық жасақтаманы енгізумен байланысты өндірістік процестердегі өзгерістер базалық технологияларды (Жасанды интеллект, Заттар интернеті, блокчейн және үлкен деректерге талдау мен басқалар) дамыту асында болжауды, сондай-ақ, бәсекелестікті күшейту мен бизнес тиімділігін үнемі арттыру қажеттілігімен қамтамасыз етеді.

САРАПШЫЛАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ ТЕРЕҢДЕТІЛГЕН ЦИФРЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ МЕНГЕРГЕН МАМАНДАРДЫҒА ЖЕТІСПЕУШІЛІГІН КӨРСЕТЕДІ, БҰЛ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЛК ЦИФРЛАНДЫРУДЫ БІРШАМА ТЕЖЕЙДІ.

Цифрландырудың негізгі драйверлері тұтынушылардың мінез-құлқы болады, олар өнім берушілермен онлайн-коммуникацияларға көбірек бағдар алады, ал өнім берушілер сияқты, төлем алушылар сияқты көбірек бұқараны қамтитын технологиялардың қолжетімділігіне, сондай-ақ, жалпы экономикалық тиімділігі.

Сонымен бірге, трафиктің қауіпсіздігін, қозғалыстың ұтымдылығын арттыруға, сервис сапасын жақсартуға цифрландыруға ықпалы мен өзге де факторлар барлық КЛК бойынша осы бағытта инновацияларды жеделдетуге ықпал етеді.

Өз кезегінде цифрландыру өндірістік процестерді автоматтандыру мен роботтандырумен айқасады. Жаңа жабдықты өндіру бірлесіп келеді, және

қарапайым жұмыскерлердің қол еңбегін ығыстырады.

КЛК дамуына өндірістік процестерге роботтарды енгізу ерекше ықпал етеді. Роботтандыру адамдарды қол манипуляциясы мен итеративті қайталанатын түрдегі операцияларға ауыстыруға қабілетті құрылғыларды қолдануды түсіндіреді. КЛК ол почта қызметтерін, курьерлік және шұғыл жеткізуді, қойма шаруашылығын, онлайн-коммерцияны, жүктерді жөнелтуді және басқаларды қамтиды.

Роботтарды қолданудың ең жарқын үлгілерінің бірі автономды ұшқышсыз аппараттар болып табылады, олар ЖИ мен машиналық көру негізінде жұмыс істейді. Олар қашықтықтан басқаруға мұқтаж емес және дербес жұмыс істейді.

Қазірдің өзінде технологиялардың даму деңгейі трафиктің тиімді реттелуін қамтамасыз ету үшін олардың өзара байланысын құруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, ұшқышсыз аппараттар біртіндеп тіпті жоғары білікті мамандандуды ығыстырады.

Роботтандыру мен автоматтандыруға байланысты процестердегі өзгерістер көлік машина жасауындағы технологиялардың дамуымен болды, ең алдымен, ұшқышсыз және қашықтықтан басқарылатын көлік сегментінде, сервистік қолдау, қоймада сақтау механизмдерінде, сондай-ақ дәстүрлі отынға деген бағалардың жоғары құбылмалылығымен,

электромобильді технологиялардың дамуымен және экология проблемасына назар аударумен және оның өзектілігімен байланысты. Сонымен бірге, жұмыс күшінің босауымен байланысты еңбек заңнамасында өзгерістер КЛК бизнес-процесіне ықпал ететін болады, себебі сала ішінде сияқты, экономиканың басқа секторында да жұмыс массасының жұмсақ және икемді келуін қамтамасыз ету талап етіледі.

Саланың өзгеруінің үшінші маңызды факторы – экологиялық талаптар мен нормативтердің қатаюы. Адамның өмір тіршілігінің барлық салаларына және ең алдымен, оның қозғалысына экологияландыру ықпал етеді. Соңғы онжылдықта бұл процесс экономиканың көптеген салаларына, сондай-ақ жалпы қоғамға тікелей ықпал ететін біршама маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Көлік секторы қоршаған ортаға зиянды заттардың эмиссиясының негізгі бөлігін шығарады. Мысалы, РФ автомобиль көлігінің үлесіне атмосфераға түсетін барлық шығарындылардың шамамен 90% келеді. Баламалы және экологиялық көліктің дамуы, сондай-ақ «жасыл» логистика – қоршаған ортаны ластануды азайтуда мемлекет пен қоғамның мүддесінің артуының табиғи салдары.

Электромобильдер, гибридтер, сутекті және биоотындағы машиналар мен «жасыл» көлік түрінің басқа да түрлері әлемде танымалдылыққа ие болып жатыр, алайда, олар дамыған елдерде, мұнда олармен бірге КЛК экологияландыру мәдениеті кең қолданыс тауып жатыр, ол баламалы көлік түрін пайдалануды ынталандыруды қамтиды.

Экологияландыру тренді дәстүрлі табиғи ресурстардың таусылуымен және энергия үнемдеудің жаңа технологияларын дамытумен тығыз байланысты. Пайдалы әсерді көтеру аясында өндіру шығарындыларының көлемін азайтумен жаңа отын түрлерін іздеу жерүсті көлігі сияқты, әуе және су көлігінің сегменттерінде де көлік машиналарын жасаудағы басты бағыттардың бірі болып табылады.

Қазірдің өзінде құю станциялары, ТҚҚО, сақтау докторы және т.б. сияқты жабдықтаушы инфрақұрылымдарды кеңейтуге негізделген баламалы және экокөліктерді қамтамасыз етудің экожүйесі белсенді түрде дамып жатыр.

Тұтынушы қалауының өзгеруі КЛК үшін тіптен жаңа жұмыс түрін береді. PwC компаниясының зерттеулері бойынша келесі 4 жыл ішінде тұтынушылардың мінез-құлқындағы өзгерістер олардың бизнестегі серпілісті өзгерістеріне әкеледі делінген.

Ішкі нарық динамикасының өзгеруі ірі бизнестің электронды коммерция нарығын игеруімен тығыз байланысты болады, бұл сегментте жұмыс істейтін компаниялар логистикаға белсенді салымдар жасайтын болады, яғни онлайн сауда өзінің кеңеюі мен таралуы жағынан КЛК өзара тығыз байланысты болады.

Электронды коммерция үшін SER-шешімдер дамитын болады (курьерлік, шұғыл жеткізу), бірлесе тұтыну экономикасының принциптеріне негізделген шешімдер.

Алыс перспективада тұйықталған қосымша құн тізбегін тұйықта-




уға ұмтыла отырып, онлайн-коммерцияда жұмыс істейтін компаниялар логистикаға инвестициялауды бастайды. Қазірдің өзінде осы нарықтың ірі ойыншыларының арасында осындай тренд байқалады. Қазақстанға қатысты айтар болсақ, мысал ретінде ресейлік компания Widberries атауға болады.

Бұл процесте ерекше маңызды салалық тренд болып бірлесе тұтыну экономикасын танымалды ету шығады.

Онлайн өмір сүріп, онлайн жұмыс істеуге үйреніп қалған, өздерінің дүниетанымдары мен жеке қызығушылықтары бар жас буын жұмыскерлерінің еңбек нарығына шығуы КЛК біршама өзгертеді. Ең алдымен, оқыту жағынан, сондай-ақ функцияларын іс жүзінде жүзеге асыру жағынан. Жаңа жұмыскерлер АТ тығыз байланыста әрекет етеді, қашықтықтан және икемді кестемен жұмыс істеуге ұмтылатын болады, және бұл жалпы алғанда КЛ-компанияларына жайлы болады, олар кеңселерге, компьютерлер мен ұйымдастыру техникасына, материалдық активтерге жұмсалатын шығындарды біршама қысқартатын болады.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЛК ПЕРСПЕКТИВАЛЫ САЛАЛЫҚ ЖОБАЛАРЫ



КӨЛІК-ЛОГИСТИКА ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ НАРЫҒЫ



ҮЛГІЛЕР

- ▶ Солтүстік америкадағы ірі жүк брокері C.H.Robinson Worldwidw 2020 жылдың басында өз қызметтерін ұлғайтып, дамыту үшін және цифрлық стартаптар тарапынан бәсекелестікке қарсы тұру үшін 1 миллиард долларға жуық тұратын технологияларға өз шығындарын екі есе көбейтетіндігін хабарлады
- ▶ Цифрлық инновацияларға жылдам бейімделуге ұмтылу жолында Deutshe Post DHL Group 2019 жылдың қазанында цифрлық бастамаларға 2,2 миллиард долларды 2025 жылға дейін инвестициялауды жоспарлағандығын хабарлады.

Мысалға, Заттар интернетін, бұлттық технологияларды және блокчейнді ендіру көптеген жағдайларда қойма операцияларын, құжат айналымын, тасымалдауды жөнелту мен мониторинг жасау, контрагент-

термен өзара есеп айырысу, өнімнің түпнұсқалығын сәйкестендіруге, тасымалдау, кірепұл және жеткізудің ашық болуын жақсартуға, түгендеу жұмыстары мен өзге де басты операцияларды жүргізуге мүмкіндік береді.

ҮЛГІЛЕР

- ▶ Әлемдік ірі көлік алыптарының бірі – Maersk өзінің блокчейн-платформасын әзірлеуде IBM бірлесе белсенді жұмыс жүргізіп жатыр.
- ▶ SkyCell компаниясы температуралық режимді қатаң сақтауды талап ететін медициналық жүктерді тасымалдауға арналған жүк контейнерлерін жасап шығарды. Контейнердің ішінде ақылды IoT-датчиктері бұлттағы блокчейнге жалғанған. Бұл жүктің жай-күйіне үздіксіз мониторинг жасауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
- ▶ Блокчейнге негізделген «Software as a Service» бұлттық шешімдерінің негізінде жобалар таралып жатыр. Басты міндеті: тауарлардың өту тарихын жинау мен тексеру. Мұндай шешімдерді Martine Jarlgaard, The Grass Roots Cooperative, Organic, Pole and Line, Co-op қауымдастықтары мен көптеген басқа да ұйымдар және әлем бойынша тауар өндірушілері қолданады.
- ▶ MediLedger қосымшасы EPCIS стандарттары бойынша медициналық дәрі-дәрмектерді тізбекті жеткізуді басқару үшін блокчейнді қолданады, ол әрбір жекелеген қаптаманың түпнұсқалығын міндетті тексеруді, оның тарихын, өндірушілер туралы деректерді, делдалдар, тасымалдау сатылары мен жерлерін және басқаларды көздейді. 2023 жылға қарай осы стандартқа барлық американдық фармацевтік компаниялар өтеді.

6.7. КӘСІПОРЫНДАРДЫ ЦИФРЛАНДЫРУ КЛК ӨСУ ЫНТАСЫ РЕТІНДЕ: ИКЖ, ЭЛЕКТРОНДЫ САУДА ЖӘНЕ «АҚЫЛДЫ ЛОГИСТИКА»

БЖ саласындағы қайта жарақтандыру көлік-логистика саласы үшін біршама маңызды мәнге ие болып келе жатыр. Цифрландыру уақыт пен қаржы шығындарын қысқартуға, қауіпсіздікті арттыруға, штатты оңтайландыруға, адами фактормен байланысты болатын қате сандарын азайтуға, жұмысты бақылау мен үйлестіруді жақсартуға, процестерді ұтымды етуге және т.б. ықпал етеді.

Интеллектуалды көлік жүйелері, бөлінген тізілімдер, цифрлық телқосақтар мен ЖИ негізделген өзге де технологиялық жаңартпалар, жаңа компьютерлік есептеу модельдері, виртуалды шындық, IoT және басқалары КЛК кәсіпорындарының цифрлық жарақтандыруға капитал салуды белсенді етуді негіздейді.

КЛК ішінде цифрландырудың алғашқы сатысы болып көлік

ағындарын басқару шығады, цифрлық басты шешім болып ЖИ негізделген ИКЖ шығады. ИКЖ азаматтардың қажеттіліктеріне, ағымдағы трафик пен жүктемеге сүйене отырып көше қозғалысы мен қоғамдық көліктерді шұғыл басқаруға, жолақы төлемін жинауға, жүк тасымалдауды басқаруға, көлік ағынын реттеу үшін үлкен деректерге талдауды қамтамасыз етуге, тұраққа қою кеңістігін басқаруға және т.б. мүмкіндік береді.

берді. Көптеген сарапшылар бұл қалыптасқан жағдайды ритейл апокалипсис жағдайы деп атайды, Өндірушіден тұтынушыға дейінгі классикалық жеткізу тізбегі өзгереді. Брендтер де, өндірушілер

де тұтынушыға интернет пен жеке бөлшек дүкендер арқылы тікелей тұтынушыға шығуға ұмтылады. Мұның барлығы бәсекелестікті қатайтып, нарықтағы күштің орналасуын өзгертеді.

ҮЛГІЛЕР

- ▶ АҚШ-та 2019 жылы 5700 дүкеннің жабылуын болжады, бірақ, бірінші тоқсанның қорытындылары бойынша 4800 жабылып қалды. Дүкендердің жабылу қарқыны жаңа дүкендердің ашылу қарқынынан асып түседі.
- ▶ Тарихтағы ең ірі жабылу Payless желісінің жабылуы болуы мүмкін, мұнда 2500 дүкен бар.

ҮЛГІЛЕР

- ▶ Жапония жеке меншік ИКЖ әзірлеуді бастаған алғашқы мемлекеттердің бірі болды. Осы шағын, бірақ халықтығыз қоныстанған елдің жолдарының тым көп жүктелуін ескере отырып, трафикті реттеудегі цифрлық шешімге ерекше көңіл бөлінді. 1995 жылдан бастап ірі мегаполистер мен агломерацияларда Күншығыс елдерінде көлік ағындарын басқарудың жүйесі дамып, бірыңғайландырылады. Қозғалыс детекторлары, ақылды датчиктер мен камералар, ақылды бағдарламалар, GPS-навигация жүйелері, үлкен деректерді өңдеу серверлері қазір бөлінген және бұлттық есептеулер жүйесінің негізінде тұйықталған, ЖИ алгоритмдерімен басқарылады, олар нақты уақытта трафикті үйлестіреді де, бөледі, секунд сайын 50 Тбайт деректерге дейін өңдейді.

Автомобильдердің интеллектуалды өзегінің өсуі мен сонымен қатар ұшқышсыз және қашықтықтан басқарылатын көлікті қолдануға арналған өсетін трендті ескере отырып, сондай-ақ, IoT инфрақұрылымын ұлғайту, техниканың өзара байланысы артады, бұл ИКЖ әрбір жеке трафикті тікелей үйлестіруге мүмкіндік береді. Мұның барлығы жинақтала келе жол қозғалысының қауіпсіздігін біршама арттыруға мүмкіндік береді.

Кеңейтілген интеллектуалды көлік жүйелерінің негізінде

жұмыс істейтін интеллектуалды диспетчерлендіру тасымалдау көлемін көбейтуге, олардың жылдамдығын арттыруға және көлік логистикасының мультимодальды сапасын арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ, адами факторды болдырмайды.

Екінші маңызды сегмен электронды коммерция болып табылады. Заманауи тұтынушы сатып алудың барлығын онлайн режимде жасайды.

COVID-19 пандемиясы офлайн-сауда дағдарысын одан сайын қиындатып жі-

Келесі алгоритмде: «Онлайн қарап шығайын, барып, ұстап көрейін, сосын тағы онлайн салыстырып көріп, Ali-да сатып алайын» деп қарайтын тұтынушылардың үлесі өсіп келе жатыр. Алайда, «келіп-қарап көрейін» тізбегінің элементі перспективада мысалы, дүкенге келместен киімді цифрлық нұсқада киіп көруге мүмкіндік беретін жаңа сауда интерфейстері мен ұлғайтылған шындық құралдарын ендіру есебінен жоқ болып кетуі мүмкін.

Яғни, ірі сауда орталықтары мен жалпы көтерме саудаға арналған логистика біртіндеп жоғалып кетуінен қажеттілігін жоғалтады.

Жаңа нарық нысаны онлайн-ритейлерлерді талап ететін болады, олар жеке маркетплейстерды қолданатын болады, яғни жеке логистикалық тізбектерді құрады, оларға басқалар да құрылатын болады.

Бұл процестің маңызды салдары ұсақ қойма шаруашылықтарының жоғалып кетуі мен алып КТО және кросс-докинг қоймаларының таралуы болады.

Қойма ортасында цифрландыру құралдары да белсенді түрде қолданылады. Ең алдымен, бұл цифрлық телқосақтар деп аталады, олар иммерсивті технологияларға негізделген. Цифрлық қоймалар - қойма қызметінің болашағы, себебі КТО орасан зор кеңістігін басқару адамның қолынан келмейді. Қоймалардың виртуалды көшірмелері барлық функцияларды жылдам, әрі қашықтықтан манипуляция жасауға мүмкіндік береді.

Қоймалар мен кәсіпорындар өз орталықтарының дәл 3D-Модельдерін жасауға арналған осы технологияны қолдана алады және олардың әсерін қауіпсіз көру үшін жаңа жабдықтарды енгізумен немесе жинақтау өзгерістерімен көруге қолданылуы мүмкін.



тексеру процедураларынсыз ұшу алдындағы бақылауды бір рет жеңіл және оңай өтеді.

Бұл ретте биометриялық бақылау жүйесінің тиімділігі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағынан алғанда

іс жүзінде тексерілді. Адамдардың бетін, жолжүгін сканерден өткізу технологиялары, тіркеу мен отырғызуды автоматты бақылау әлемнің ірі әуежайларын басқару жүйелеріне бірыңғайландырылып келеді.

ҮЛГІЛЕР

- SITA жүйесі 2017 жылдан бастап Бостон (АҚШ) қаласының Логан әуежайында ашылып, ұшу аймағына мониторинг жасау үшін қолданылады. Жүйе жолаушыларға артық тіркеу мен тексеру процедураларынсыз «бір түсіріп алғанда» шекаралық бақылаудан өтуге мүмкіндік береді

Логистиканы басқаруда бірінші орынға TMS шығады, ол логистикалық процестерді бірыңғайландырып, автоматтандыруға мүмкіндік береді, сол арқылы тасымалдауға арналған шығындар мен уақыт шығынын қысқартады. Ірі логистикалық компанияларда бұрын ERP-жүйелері

қолданылды, алайда, олардың функционалы жеткізудің кешенді толыққанды басқару тізбегі үшін көбіне жеткіліксіз болады. TMS – мульти-бейінді 4PL-компаниялардың 5PL операторларға - цифрлық логистикалық ұйымдарға эволюциясында басты баспалдақтардың бірі.

ҮЛГІЛЕР

- Artogic жүйесі РФ ең танымалдылардың бірі болып табылады. Оның қызметтерін Johnson & Johnson, Bacardi, Nalco және басқалар сияқты ірі өнім берушілер қолданады.

КЛК цифрландыру процесін жеделдету, кеңейту мен тереңдету сөзсіз болатын технологиялық тренд. Оның қарқыны қандай да бір себептерден пайда болған

экономикадағы дағдарыстық құлдыраумен кешеуілдеуі мүмкін, алайда толығымен тоқтату немесе бұл тенденцияны кері қайтару мүмкін болмайды.

ҮЛГІЛЕР

- «Газпромнефть» компаниясы 2020 жылдың басында Оңтүстік-Приобск кен орнындағы алғашқы цифрлық қойманың тұсаукесерін өткізді. Толықтай роботтандырылған механикалық операциялар мен лифтілік сақтау технологияларынан басқа қойма толығымен цифрландырылған. Оның виртуалды көшірмесі жасалған, толықтырылған ақиқат технологияларына негізделген. 3D-көзілдірігінің көмегімен оператор кез-келген тауар туралы және қойма қуатының толу күйі жайлы барлық ақпаратты есептей алады.

Цифрлық телқосақтар үшін пайдаланудың басым нұсқалары логистикада орасан зор. Тиеу секторында олар өнімдер мен қораптар жайлы деректерді жинау үшін қолданылуы мүмкін, сондай-ақ болашақ операцияларды жақсарту үшін қайталанатын тенденциялар мен басым кемшіліктерді анықтау үшін осы ақпаратты қолдану мақсатында қолданылуы мүмкін.

Сонымен бірге, логистикалық орталықтар цифрлық телқосақтарды құрып, оларды әртүрлі сценарийлерді тестілеу үшін және тиімділігін арттыруға қолдануына болады. Бұған қоса жеткізу желілері ақпаратты нақты уақыт режимінде ұсыну үшін осы технологияны қолда-

на алады, ол жеткізу мерзімін қысқартып, автономды көлік құралдарына осы маршруттарда жеткізуге көмек береді.

Автоматтандырумен бірге цифрландырудың басты бағытының бірі кедендік және тексеріп қарау процедураларын жеңілдету мен оңтайландыру болып табылады. Басты құрал биометриялық мониторинг болып табылады, ол адамды тану технологиясын, жай-күй секторын, киімді және жүктерді қашықтықтан сканерден өткізу датчиктері болып табылады. Жолаушылардың әуе тасымалы сегментінде бұл тренд өткізгіштік қабілетін арттыру мен күту уақытын азайтудың кепілі болып табылады. Жолаушылар



6.2. АВТОМАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ РОБОТТАНДЫРУ УАҚЫТ ТАЛАБЫ РЕТІНДЕ: ҰШҚЫШСЫЗ ЖӘНЕ АВТОНОМДЫ КӨЛІК, РОБОТТАР ЖӘНЕ КӨЛІК САЛАСЫНЫҢ - КЛК ЖАҢА ҚҰРАЛДАРЫ

Жаңа жабдықтар мен аппараттық кешендер саласындағы инновациялар заманауи және перспективалық жағдайларда КЛК дамытудың екінші басты драйвері болып табылады. Роботтардың, IoT шеңберіндегі ақылды датчиктер инфрақұрылымының, ұшқышсыз және автономды көліктердің, аддитивті технологиялардың және техникалық прогрестің өзге де озық жетістіктерінің таралуы көлік-логистика саласы үшін шексіз көкжиектерді ашады.

Көлік нарығындағы ең көп қорынды ұшқышсыз және автономды көлік алатын болады. Ең алдымен, жүк тасымалдау сегментінде, оның ішінде КЛК барлық салаларында, әуе және су көлігін қоса алғанда.

ЖИ мен машиналық көру, сондай-ақ, деректермен алмасуды жеделдету және әртүрлі агрегаттардың өзара байланысы кез-келген трафик масштабтарында және кез-келген жағдайларда қозғалысты ұшқышсыз жүргізетін болады.

Дрондарды қолдану да көптеген қойма және логистикалық операцияларды жеңілдететін болады. Соңғылар үшін олар «соңғы милядағы учаскеде» маңызды роль ойнайтын болады.

Gartner талдаушыларының деректері бойынша 2023 жылға қарай әлемде ұшқышсыз автомобильдердің қосынды саны 745,5 мың бірліктен асады. Бұл 2018 жылмен салыстырғанда 5,4 есеге көп және өткен жылмен салыстырғанда 2,2 есеге көп.

Бұл көлік түрлерінің таралуына кідіріс болған маңызды факторлар реттеуші саясатта қалыс қалу болып табылады. 2019 жылдың қаңтарына әлемнің ешбір мемлекетінде осы саланы реттеуші қажетті НҚА қабылданған жоқ.

Сөздің реті келгенде айтар болсақ, бұл бағытта кейбір жылжу қазір бар. Осылайша, 2019 жылдың желтоқсанында Калифорния (АҚШ) билігі жалпы қолданыстағы жолдарда салмағы 4,5 т. дейінгі ұшқышсыз жүк көлігін қолдануға рұқсат берді.

Сол уақытта, ұшқышсыз және автономды көлік автомобиль саласында ғана емес, КЛК барлық сегменттерінде дамып жатыр. Бұл проблеманы жаһандық масштабта өзекті нормативтік-құқықтық базаны құруды жасайды.

ҮЛГІЛЕР

- ▶ 2018 жылдың қыркүйегінде жүк тиелген 30 вагон мен үш локомотивтен тұратын ұшқышсыз жүк поездын АҚШ-та сынады. New York Air Brake LLC компаниясының құрамы 80 км жуық жолдан өтті.
- ▶ ҚХР-да және 2022 жылдың Қысқы олимпиада ойындарында әлемдегі ең бірінші ұшқышсыз темір жолдың ашылуы дайындалып жатыр.
- ▶ Авиацияда әуе автоұшқыш ұшқыш-практиктер кәсібінің өзектілігін толығымен жоғалтатын ЖИ біртіндеп орын береді. Airbus Еуропалық авиақұрылыс концерн осы жылдың маусымында автоматты визуалды жермен жүру, ұшу және қону жүйелерін сынаудың жаңа кезеңін өткізді. Арнайы жүйемен жабдықталған Airbus A350 6 рет ұшты. Оның ішінде біреуін лайнер толығымен автономды орындады, жапсарласа қону, әуежай жолымен басқару, ұшу мен қонуды қоса алғанда. Ұшу автоұшу режимінде өтті.
- ▶ АҚШ Қорғаныс министрлігінің Перспективалық қорғау дайындау агенттігі (DARPA) жылдың басында робот-кемені – толығымен экипажы жоқ кемені дайындау туралы хабарлады. Ал, 2019 жылы суасты қайықтарын анықтап, қадағалау үшін жасалған ACTUV жобасының «Sea Hunter» су асты роботының прототипі Калифорниядағы Сан-Диего портынан Гавай аралдарындағы Перл-Харборға және одан кері толық автономды өтуді жасады. Және мұндай дайындамалар тек ОПК үшін ғана тән болса, перспективада олар азаматтық кеме шаруашылығында жеңіл таралады.

Алайда, ең көп дамыған, және 10-15 жыл перспективада автомобильмен тасымалдау секторы қалады. ҒЗТКӘ бұл бағытта барлық ірі автомобиль жасау концерндерін келтіреді: Tesla Motors, Volkswagen, Ford, General Motors, Toyota, Renault, Mitsubishi және басқалары.

Сонымен бірге нарық жолаушыларды тасымалдау секторында да дамып жатыр. 2019 жылдың мамырында UBS банкінің талдаушылары ұшқышсыз тасымалдауды енгізу аясында таксиге тарифтер 80% арзандап кетуі мүмкін деп болжам жасады. Ұшқышсыз такси паркін пайдалану коэффициенті 24 сағаттық ауысым ішінде 50% жуық жететін болды, бұл Uber немесе Lyft жүйелеріндегі ұқсас көрсеткіштерге қарағанда екі есеге жоғары.

Әртүрлі бағалар бойынша ұшқышсыз таксилерді сату нарығының көлемі автомобильдер мен олардың қосалқы бөлшектері өндірісі, зарядтаушы станцияларды салу, сондай-ақ, қажетті АТ құралдарының есебінен 2 трлн. АҚШ долларына жетеді.

КЛК дамуына өндірістік процестерге роботтарды енгізу біршама ықпал етеді. Роботтандыру қайталанбалы қол еңбегінің операциялары мен қол манипуляциясына адамдарды ауыстыруға қабілетті құрылғыларды қолдануды білдіреді.

КЛК ол почта қызметтерін, курьер және шұғыл жеткізу, қойма шаруашылығын, онлайн-коммерцияны, жүктерді жөнелтуді және басқаларын қамтиды.



ҮЛГІЛЕР

- ▶ Amazon қойма және көлік робот техникасына инвестицияларды белсенді салуда. Компания қазірдің өзінде Prime Air, ұшқышсыз ұшу аппараттарының қызметін дамыту арқасында үлкен жетістіктерге қол жеткізді, оның толық электрлік дрондар паркін жасау үшін құрылған, ауада 15 мильге дейін қашықтықта еңсеруге қабілетті және 30 минутқа жетпейтін уақытта клиенттерге бес фунттан кем салмақтағы сәлемдемелерді жеткізуге қабілетті.
- ▶ Лондондағы (Ұлыбритания) Хитроу әуежайының №3 терминалының багаж бөлімінде багажды сұрыптау, тиеу және түсіру жүйесі толығымен автоматтандырылған. Сөмкелер мен контейнерлердің және багаж бөлімшелерінің кеңістіктерін роботтар оңтайлы кеңістікті жүктеу мәніне сканерден өткізіледі. Жүйе 48 км конвейерден тұрады, ол күн сайын 185 мың сөмкеге дейін тасымалдайды. Сараптамалық бағалау бойынша роботтандыру 1,5 сағатқа ұшуға багажды даярлауға кететін уақытты қысқартуға мүмкіндік берді.
- ▶ Нарита (Жапония) халықаралық әуежайында Panasonic HOSPI робот-курьері жолаушыларды терминалға келуден бастап ұшақтардың багаж бөлімшесіне тиегенге дейін тасымалдаумен айналысады.
- ▶ RFID-сәйкестендіргіштері мен антенна-детекторлар жинағы бар роботтар тауарларды түгендеу және қоймаларды RFID-таңбалармен жарақтандыру үшін F&F британдық дүкендерінің қоймаларында белсенді түрде қолданылады.
- ▶ Amazon Robotics компаниясы – Amazon компаниясының зерттеуші бөлімшесі қойма операцияларын автоматтандыру үшін әртүрлі үлгідегі роботтарды әзірлеумен және оларды таратумен айналысады. Мысалы, Fanuc M-2000iA манипуляторлары, Kiva паллета тасымалдаушы-роботтары, Scout робот-курьерлері және басқалары.

Жалпы, RPA КЛК өзгертудің технологиялық негіздердің бірі ретінде шектелмеген перспективаларға ие.

Алыс болашақта адамның көлікті, қойма операцияларын және тізбектерді үйлестіруді басқаруға қатысуы нольге жететін болады.

Автоматтандыру мен роботтандыру трендінің үшінші маңызды компоненті техникалық қызмет көрсетудің жаңа түрлері шығады. Ең алдымен, бұл предиктивті ТҚК мен аддитивті технологиялар.

ПРЕДИКТИВТІ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БОЛАТЫН СЫНУҒА БОЛЖАМ ЖАСАУ ҮШІН, ОСЫ, НЕ БАСҚА ЖҰМЫС ПРОЦЕСТЕРІНІҢ ЖАБДЫҚТАРДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІНЕ ЫҚПАЛЫН, КҮТІЛЕТІН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖАЙЛЫ УАҚЫТЫЛЫ ХАБАРДАР ЕТУДІ БОЛЖАУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН БОЛАДЫ.

Бұл шығындарды жүйелі түрде үнемдеуге, жабдықтардың және жөндеуге байланысты негізгі құралдардың бос тұру уақытын азайтуға мүмкіндік береді, қызмет көрсету сапасын жүктерді жеткізудің уақытын арттырады, персоналға оң ықпалын тигізеді, себебі жабдықтардың сынуындағы бұзылулар жұмыстың қауіпсіздігін арттырады, соның салдарында еңбек өнімділігі артады.


Бұзылуларды болжау және оларға диагностика жасау құралдары ТҚК басты құралы

болып табылады, ол датчиктердің арқасында ықтимал болатын сынуды алдын-ала көрсетуге мүмкіндік береді, бұл датчиктер көлік құралының ішіндегі қандай да бір агрегаттың техникалық жай-күйін үнемі бақылай алады.

ТҚК процестеріндегі аддитивті технологиялардың әлеуеті де кең. Кез-келген бөлшекті басып шығару мүмкіндігі болашақта ТҚК уақытын минимумға дейін қысқартады. Енді компаниялар көліктер немесе қоймалар үшін материалдар мен қосалқы бөлшектердің жеткізілуін ұзақ уақыт күтпейтін болады.

Аддитивті технологиялар зақымдалған жылжымалы бөлшектерді ауыстыруға жұмсалатын уақыт пен қаражатты үнемдеу мүмкіндігін береді, ал предиктивті талдау датчиктері сынуды уақытылы анықтауға және тіпті оларды болжай алады, бұл тетіктерді істен шыққан тетіктерге ауыстыра алады, яғни көлік құралдарының немесе жөндеуде тұрған роботтардың бос тұруынан уақыт пен қаражатты жұмсамау.

ERNST & YOUNG КОМПАНИЯСЫНЫҢ БАҒАСЫ БОЙЫНША 2030 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ 3D-БАСЫП ШЫҒАРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ ТЕТІКТЕРДІ ЖӘНЕ ТІПТІ ТҰТАС АГРЕГАТТАРДЫ ЖАППАЙ ШЫҒАРУ ӨНДІРІСІН НАРЫҚТАН ШЫҒАРЫП ТАСТАУДЫ БАСТАЙДЫ. 2019 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНДА БҰЛ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АУДИТОРЛЫҚ КОМПАНИЯ ЗЕРТТЕУДІ ЖАРИЯЛАДЫ, МҰНДА ЭЛЕМ БОЙЫНША БҰЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ОРТАША ЕНУ ДӘРЕЖЕСІНІҢ ӨСУІ 24% БАСТАП 65% ДЕЙІН ЕНУДІ БЕЛГІЛЕЙДІ. МҰНДА ҚЫТАЙДА, ОҢТҮСТІК КОРЕЯДА, ЖАПОНИЯДА ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕ БҰЛ КӨРСЕТКІШ 80% ШАМАСЫНДА, КАНАДАДА – 77% КӨРІНЕДІ.



ҮЛГІЛЕР

- ▶ Bombardier компаниясы – машина жасаушы компания-т/ж саласының техникасын өндіруші 2019 жылдың мамырында Хеннингсдорф неміс қаласындағы заводта Stratasys компаниясының 3D-принтерін F900 орнату жөніндегі жобаның бастама алғандығы туралы хабарлады. Мақсаты - тетіктердің өндірісін жеделдету мен дербестендіру, қоймада сақтау құнын азайту мен қосалқы бөлшектер, құрал-саймандар мен жылжымалы құрамға (жолаушылар поездары мен трамвайлар) арналған тетіктер өндірісінің икемділігін арттыру.
- ▶ Parker Hannifin британдық компаниясы құбыржол көлігі жүйесіндегі аддитивтік технологияларды коммерциялық мақсатта пайдалану сегментін белсенді түрде дамытып жатыр. Милтон-Кейнсте (Ұлыбритания) аддитивті технологиялар арқылы кез-келген конфигурациялық күрделі қосалқы бөлшектер өндірісіне бағытталған секторды құрды.

Қаржылық және уақыт шығындарын біршама оңтайландыруға мүмкіндік беретін КЛК әртүрлі сегменттерін автоматтандыру мен роботтандыру саланы дамытудың басты бағдарларының бірі болады. Роботтандырылған

темір жол қатынастары, экипажы жоқ кемелер, ұшқышсыз және автономды көлік, қойма роботтары мен ФТП КЛК өзге де жетістіктері біршама жоғары технологиялық экономика салаларының бірі етеді.



6.3. ТҰТЫНУШЫ ҚАЛАУЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ КЛК КОНФИГУРАЦИЯСЫ РЕТІНДЕ: БІРЛЕСЕ ТҰТЫНУ ЭКОНОМИКАСЫ, ҚЫЗМЕТТЕРДІ УБЕРИЗАЦИЯ- ЛАУ ЖӘНЕ ДЕРБЕСТЕНДІРУ

XXI ғасырдың тұтынушысы одан сайын талғампаз және талапшыл болып келе жатыр. Кез-келген тауар, көрсетілетін қызмет немесе өндіруші туралы ақпараттар ашық қолжетімділікте, бұл жеткізушілер үшін бәсекеге қабілеттілік талаптарын қатаңдатады. Сонымен бірге, көптеген баламалы нұсқалардың болуы да көлік-логистика компанияларының алдына жаңа сын болып тұр.

Бір жағынан адамзат тұтыну қоғамы болып қала береді. Олардың сұраныстары мен қызығушылықтары жеке немесе микроэлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру шегінде қалатын болса, тіптен жеке жайлылықты максималды түрде жақсарту жағынан болса. Екінші жағынан құндылықтардың өзгеруі де байқалады. Ең алдымен, бұл жастарға қатысты, олар білім алуға, технологияларға ашық қолжетімділікте, ой-өрісі кең, қозғалыс мүмкіндіктері шектелмеген дерлік. Мұның барлығы бұқаралық психологияны ынталандырады. Жастар проблемаларды көреді, оларды шешуге белсене қатысады. Нәтижесінде жаңа үлгідегі қоғам қалыптасады.

Әлеуметтік-экономикалық даму мен ФТП планетамыздың көптеген халықтарының өмір деңгейін өсіруге әкелді. Адамның қажеттіліктері енді негізгі түйсіктерін қанағаттандыратын стандартты жиынтықпен шектелмейді. Біз талғампаз, таңдағыш және міншіл болдық. Біз шешімдерімізді өмірімізге жайлылық

пен қолайлылық динамикасына ықпалына сүйене отырып қабылдаймыз. Біздің қалауымыз күрделеніп, түрлері өзгеріп, әбден жетілді. Мысалы, біз қазір өз уақытымыз бен күшімізді супермаркетке баруға жұмсағымыз келмейді. Себебі бізге барлығын жеткізеді ғой. Біз онлайн тауарлардың құны туралы ақпаратты алып, олардың төлемін жасап, олар туралы пікірімізбен бөлісе аламыз және т.с.с.

Бірлесіп тұтыну экономикасының танымалды болуы көлік-логистика компанияларының бизнес-модельдерін түбегейлі өзгертуге әкеледі. Шеринг логистика саласында көлікке жұмсалатын шығындарды азайтуға, қоймаға жинауды азатуға, штатты оңтайландырып, әртүрлі тасымалдау кезеңдеріне жұмсалатын уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді.

Клиенттер үшін бұл жеткізу уақытын біразға қысқартады, сондай-ақ, оның құнын – тасымалдауға жұмсалатын шығындардың есебінен 40% қалыптасатын құнды қысқартады.

Оларды шерингтің көмегімен оңтайландыру тасымалдау бағасын біршама азайтады. Сонымен қатар, уберизация

қарқыны делдалдардың санын да азайтады, ол да көлік қызметтерінің құнын азайтуға ықпал етеді.

ҮЛГІЛЕР

- Google шеринг-идеологияларды тарату бойынша белсенді жұмыс атқарып жатыр, ол үшін тиісті БЖ мен қосымшалар әзірленіп жатыр. Ұшқышсыз көлік құралдары компанияның нұсқалары бойынша қожайынды күтуде уақытының 90% бос тұрмайды, олар әдеттегі смартфон арқылы машина ретінде қажеттілігі болмағанша жалға берілетін болады. Компания «кімнің меншігінде болса, сол жүргізеді» деген принципті және автомобильдерді адамдардың жүргізуі сияқты қағидатты жеңеміз деген үмітте.

Қазіргі сәтте шерингті пайдаланудың негізгі схемалары ғана логистикада белсенді түрде іс жүзінде қолданылуда: өз активтерін жалға беру, мұнда компанияның өзі қатысуы болады, бірлесе пайдалану түрлерін дамыту үшін ресурстар беру. Алайда, шеринг тек материалдық активтерді ғана емес, жұмыскерлерді де қамтуы мүмкін. Ірі логистика операторлары білікті кадрларын бірлесе жұмылдыруға ұсына алады. Мұндай шеринг әсіресе соңғы миляға жеткізуді жүзеге асыру үшін b2c-сегментінде өзекті.

Crowd deliverers (кәсіби курьерлік қызметтер) іске асыру жөніндегі табысты стартаптардың ҮЛГІЛЕРІ болып американдық Postmates және ресейлік Bringo бола алады.

Логистика саласы үшін болжамды оң шешімдердің БЖ жетекші жеткізушісі Transmetrics компаниясының сарапшылары бірле-

се пайдалану экономикасының элементтерін қамтитын жаңа жүйелердің стартаптарын іске қосуға жүргізілетін әрекеттердің жиі өткізілуі олардың жылдам танымал болатындығын көрсетеді деп болжайды.

Активтермен жұмыс істеу тәжірибесі мол болмастан стартаптар «активтер үшін жеңіл» құнның жеңіл тізбегін жасауға ұмтылады, мысалы, цифрлық жөнелтушілер болып.

Біршама икемді деген операциялардың арқасында олар біруақытта ашықтықты қамтамасыз ете отырып, біршама икемді бағалар мен кодтауды жылдам ұсына алады.

Бұл Uber қатысты, ол өзінің Uber Freight функциясын АҚШ-та 20187 жылы іске қосып, 2019 жылы Еуропа мен Канадаға дейін кеңейтіліп, жүк тасымалдаудың жаһандық тиімді нарығына ұмтылды.



Uber пікірі бойынша Uber Freight ең перспективалы компаниялардың бірі болып табылады.

Көлік-логистика қызметтерін дербестендіру де маңызды рольге ие. Әрбір клиенттің қажеттіліктері ескеріледі, әрбір клиент үшін оның қалауына қарай қызметтердің жеке пакеті қалыптастырылады.

Сонымен қатар, Uber-үлгідегі қызметтердің танымалды болуы нарықтан делдалдарды шығарып тастауға әкеледі. Мысалға, әуе тасымалдауында қазір цифрлық шешімдердің көмегімен кез-келген тасымалдаушының қызметтеріне тікелей қатынай алуға болады.

Уберизация автомобильді жолаушылар және жүк тасымалдау сегментіне де өзгертулерді көбірек енгізді. Қоңырауларды қабылдайтын және жүргізушілердің жұмысын үйлестіретін сол такси парктерінің қызметтері қажетсіз болып қалды. Тұтынушы КҚ іздеуге және іріктеп алуға жұмсалатын уақыт шығынына мүдделі емес. Смартфондағы қосымшаны пайдалана отырып, ол өзінің қалауы мен мүмкіндіктеріне қарай өзіне сай келетін КҚ жылдам таңдай алады.

КЕЙС: Яндекс-такси – автомобильмен жолаушылар тасымалдауының қазақстандық нарығындағы уберизацияның ең анық үлгілерінің бірі. Ол КҚ шұғыл түрде іздеу, жүргізушіні және автомобиль деңгейін таңдау мүмкіндіктерін береді, бағалау опциясы, онлайн төлемі және басқалары бар.

Уберизация бос тұру проблемасын алып тастады. Қазір жүргізушілер өздерінің 90% уақытын жол жүруге «жұмсайды». Жүктемнің артуы тасымалдау құнын біршама төмендетуге мүмкіндік берді. Алайда, бұл технология жүк тасымалдау сегменті үшін белгісіз болып қалғандықтан, бұл нарықтағы жүктеме жолаушылар сегментіне қарағанды төменірек болғандықтан, ал уақыт көбірек жұмсалатындықтан, белгісіз болып қалады.

Тұтынушының бұқаралық портреті тереңінен өзгергендіктен ол КЛК технологиялық өзгеруіне негіз болады. ең алдымен, бұл цифрлық қызметтерді дербестендіруге, бірлесе тұтыну экономикасы идеясын таратуға, өнімдер мен қызметтердің экологиялы болуына мүдделі болуға, сондай-ақ, КЛ-қызметтерінің қатаң бәсекелестік аясында қолжетімді болуына және басқаларына қатысты.



6.4. ЖАҢА ОТЫНДАР ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛАНДЫРУ КЛК ҮШІН ТАЛАП РЕТІНДЕ: БАЛАМАЛЫ ЖӘНЕ ЭКО-КӨЛІК

Экологиялық талаптарды қатаңдату мен CO2 эмиссиясының көлемін біршама қысқартуға жаһандық бағам КЛК өзгеруінің күшті ынталандырушысы болып табылады. Жоғарыда айтылғандай, атмосфераға түсетін барлық шығарындылардың 90% жуығы көлік секторына және ең алдымен, автомобиль көлігіне келеді.

ҒЗТКӘ жаңа арзан және экологиялық таза отын түрін жоғары ПӘК алу көлік машиналарын жасау мен энергетикада зерттеулердің басты бағыттарының бірі болып табылады.

Экологиялық проблемалар, баламалы және экокөліктің жаппай танымалдылығына қатысты жалпы мемлекет пен қоғам

Білдіретін барлық алаңдаушылықты ескере отырып, сондай-ақ, «жасыл» логистика болашақта күдік тудырмайды.

Жаппай санада қалыптасатын жаңа экомәдениет КЛК терең өзгерістерге әкеледі, ол шектеу түріндегі мемлекеттік шаралар сияқты, экологиялық таза көлікке ету шараларын ынталандыру.

ҮЛГІЛЕР

- ▶ Баламалы көлік түрлеріне деген қызығушылық демеуқаржы сияқты, тиісті инфрақұрылымды құруды да ынталандырады. Мысалы, Финляндия үкіметі жақын жылдары электрлік құю станцияларының санын бірден арттыруды жоспарлап отыр. Қазір олардың саны бірнеше жүз ғана. Министрлер кабинетінің жоспары бойынша үш жылдан кейін олардың саны 2 мың, ал 2030 жылдарға қарай 25 мың болады.
- ▶ Парижде ескі көлік құралдарын пайдалануға шектеулер енгізілді. 2016 жылдың 1 шілдесінен бастап Францияның астанасында жұмыс күндері 1997 жылға дейін шығарылған автомобильдерді, сондай-ақ, 2000 жылға дейін шығарылған мотоциклдер мен скутерлерді пайдалануға болмайды. Тыйым салу таңертеңгі 8-ден кешкі 8-ге дейін қолданылады.

Бұл ретте көптеген ірі ритейлерлер мен КЛ-компаниялары бұл бағыттағы ҒЗТКӨ арттырып, экологиялық құндылықтарды ұстану туралы бұқараға жария етеді.

ҮЛГІЛЕР

- ▶ Amazon өзінің «Климаттық міндеттемелері» жайлы жақында хабардар етті, мұның шеңберінде 10 жыл бұрын Париж келісімінің мақсаттарына қол жеткізу жоспарланады. Сол арқылы компания басқа кәсіпорындарды да қосуды ынталандыруға ұмтылады және 2040 жылға қарай барлық қызмет салаларында көміртекті нольдік тұтынумен және жаңартылатын энергия көздерін алға жылжытуға ұмтылады. Бұл үшін Amazon 100 000 электр фургондарын жеткізуге Rivian электромобилін іске қосуға келісімшарт жасасты.
- ▶ 2020 жылдың басында 60 коммерциялық топтан артығы, Maersk қоса алғанда, 2030 жылға қарай ашық теңізде нольдік көміртек шығарындылары бар кеме отындары мен кемелерді пайдалануға бағытталған бастамамен шықты.

Көлікті экологияландыру саласындағы басты бағыт баламалы және экологиялық таза КҚ тарату шығады. Бұл бағыттағы кейбір әзірлемелер қазірдің өзінде нарыққа шықты, кейбіреулері сынаудан немесе эксперименталды тестілеу мен прототиптерді жасау сатысынан өтіп жатыр.

